

## АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР



ӘЛЕМІ  
ӘДЕМІ  
ӘЙГЕРІМ

4-бет



5-бет

## ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ



Заря ЖҰМАНОВА

ТОБЫНАН АДАСҚАН  
ЖАЛҒЫЗ ТЫРНА

7-бет

РЕСМИ

# ҰЛЫТАУДА БІРІНШІ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ӨТТІ



## ӨНІРДІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ АШЫЛАДЫ

Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы Президентке облыстың әкімшілік орталығы Жезқазған қаласының және өңірдің қазіргі жағдайы мен даму перспективалары туралы егжей-тегжейлі баяндады. Экологиялық ахуалдың нашарлауы, аймақ арқылы өтетін республикалық жолдардың тозуы, экономиканың әртараптандырылмауы және ірі кәсіпорынға тәуелділік, инженерлік коммуникация жүйелерінің ескіруі мен әлеуметтік сала өңірдің негізгі проблемалары ретінде атап өтілді.

Өңір басшысы өз сөзінде республикалық дәрежедегі жолдардың тозуы аймақ экономикасының дамуын тежеп тұрған басты фактор екеніне тоқталып, осыған байланысты транзиттік көлік қатынастарының азайғанын, сәйкесінше бағаның қымбаттағанын, іскерлік белсенділік пен бизнестің кенжелеп қалғанын айтты.

Берік Әбдіғалиұлы экономиканы әртараптандыру ісін жеделдету үшін арнайы экономикалық аймақ құру қажет екенін де атап өтті. Ол сондай-ақ Президенттің өзі міндеттеген тапсырмасына сәйкес Үйтас – Айдос су құбырының құрылысы 2025 жылы аяқталатынын, ал Жезқазған қаласына Есқұла құбырымен су тарту 2023 жылы басталатынын жеткізді.

Өңір әкімі облыс орталығындағы тұрғын үйлердің 33 пайызы ескіргенін, қазір тұрғын үйлерді жаңарту бағдарламасы жүзеге асырыла бастағанын, 2022-2023 жылдары қаланың жаңа ауданында көп қабатты 20 тұрғын үй салу жоспарланғанын да тілге тиек етті.

Берік Әбдіғалиұлы өз сөзінде әлеуметтік саладағы мәселелерді шешу үшін мемлекеттік университет, қосымша білім беру орталығын, сапалы мектептер, дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешендерін және филармония залын салу қажет екенін де айтты.

Облыс орталығының және тұтас өңірдің жағдайымен танысқан Президент өңірді дамыту жөніндегі ұсыныстарды қолдайтынын айтты. Мемлекет басшысы, ең алдымен, жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту қажет екенін ескертті. Үкімет пен облыс әкімдігіне жол мәселесіне, экологияға, білім саласын дамытуға күш салуды тапсырды.

– Қала барлық жағынан тартымды болуы керек. Жұмыс өте көп. Мен Жезқазғанның, облыстың ең көрікті өңір болатынына сенемін, – деді Президент.

## «ҚАЗАҚМЫС»

### ҚОМАҚТЫ ҚАРЖЫ ҚҰЙМАҚ

Бұдан кейін «Қазақмыс компаниясы» ЖШС Басқарма төрағасы Эдуард Огай кәсіпорынды және өңірді дамыту жөнінде баяндама жасады.

*Бейсенбі күні Ұлытауда Ұлттық Құрылтай өтті. Мұны ел жақсы ырымға балап жатыр. Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы жайлы келелі кеңестер айтылатын ұлы жиынның тура Ұлы Даланың – Ұлытауда, ұлт ұясы болған – Ұлытауда өтуі елге серпін берген сыңайлы. Кешегі егеулі найзасы қолынан түспеген, ерттеулі аты кермеден кетпеген бабаларымыз да дәл осы Ұлытауда кеңес құрып, ұлттық мүдде төңірегіне тоқайласып еді. Бұл жолы да солай болғай деп бет сипасты...*

Жә. Эмоцияны қоя тұрып, ел елендеп, жақсы хабарлар күтіп отырған Ұлттық Кеңесте не айтылды? Енді соны қысқаша саралап көрейік.

Сонымен, бейсенбі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау облысына жұмыс сапарымен келді. Облыс орталығы Жезқазған қаласында Президентті жаңа облыстың әкімі Берік Әбдіғалиұлы мен Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек күтіп алды.

Сапар барысында Мемлекет басшысы Ұлытау облысы мен оның орталығы Жезқазған қаласының даму жоспарымен танысты.

Компания Жезқазған, Сәтбаев қалаларының инфрақұрылымын дамытуға үлес қоспақ. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тұрғысынан «Қазақмыс» биыл 25,4 миллиард теңге бөлген. Бұл былтырғыға қарағанда екі есе көп.

Мемлекет басшысы алдағы ауқымды жұмыстар үшін бұл қаржының жеткіліксіз болатынын айттып, бөлінетін қаржыны көбейту туралы ұсынысын жеткізді.

– Мен мына мәселеге тоқталғым келеді. Облыс әкімінің өңірді дамыту туралы жоспарын тыңдадыңыздар. Әлеуметтік мәселелер шешімін табуға тиіс. «Қазақмыс» компаниясын осы іске белсенді түрде атсалысуға шақырамын. 25,4 миллиард теңге мұндай ауқымды жұмыстар үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Қаржыны ұлғайту мүмкіндігін қарастырамыз деген. Әлеуметтік нысандардың құрылысына көмектесуі қажет. Спорт ғимараттары керек. Жергілікті халық үлкен үміт артып отыр. Осы тұрғыдан алғанда қаладағы жағдайды жақсартуымыз керек. Әрине, мәдени нысандарға да ерекше көңіл бөлінуі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Компания басшылығы денсаулық сақтау, білім беру, спорт салаларына ерекше көңіл бөлінетінін баяндады. Атап айтқанда, келесі жылы Жезқазғанда балаларға арналған спорт академиясы мен 200 балаға арналған интернат салу мәселесі де қарастырылған. Сонымен қатар компания жаңа стандарттарға сәйкес тұрғын үйлер құрылысын қолға алуды жоспарлап отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев спорт нысанын салғанда әртүрлі спортты қамтитын көпфункционалды етіп салу қажет екенін атап өтті.

## «ЖОШЫ ХАН» КЕШЕНІНДЕ КЕҢЕС ӨТТІ

*Түстен кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың жұмысына қатысты.*

*Бұл ұлы жиын қазақ хандығының құрылуына негіз болған Жошы ұлысының төсінде жатқан ұлы хан – Жошы хан мөзделінің жанындағы «Жошы хан» кешенінде өтті.*

Қасым-Жомарт Тоқаев кеңесте ең алдымен жиынға арнайы шақырылған делегаттарды құттықтап, республикалық референдумда үлкен өзгерістерге ниет білдірген, дауыс беріп қолдаған халыққа зор алғысын жеткізді.

– Азаматтар отбасымен барып, ел болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Шынайы өзгеріске және жан-жақты жаңғыруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертеңгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты. Көпшілік Ата заңға өзгерістер енгізу туралы менің бастамамды қолдады. Дауыс беруге қатысқан барша азаматтарға зор алғысымды айтамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұдан былай барша еліміздің жаңартынын жеткізді. Алайда, Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтынын атап өткен Қасым-Жомарт Кемелұлы ол үшін үлкен-кіші, жас-кәрі бәрі бір кісідей жұмылып жұмыс істеп, ерінбей еңбек етулері керек екеніне тоқталды.

Мемлекет басшысы елді бір іске ұйыстыру мақсатымен Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтергенін айтты.

## ҰЛЫ ЖИЫН ҰЛЫ ІСТЕРГЕ БАСТАҒАН

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың алғашқы жиыны бабалар салған дәстүр бойынша Ұлытауда өтіп жатқанын айтты.

– Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып, бір топтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік кезеңінде Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Біз бабалар жолын ұстанып, Құрылтай шақыру дәстүрін жаңғырттық. Елдігімізді нығайтып, бірлігімізді бекемдейік деп, бүгін бас қосып отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

## ҚҰРЫЛТАЙ НЕГЕ ҰЛЫТАУДАН БАСТАЛДЫ?

Президент Құрылтайды ұлы бабалар кеңес құрған Ұлытаудан бастап отырғанының мәнін де жете түсіндірді.

– Ұлы даланың төрінде тұрған Ұлытау талай тарихи оқиғаның куәсі болған. Ел тағдырын айқындаған көптеген маңызды кеңестер дәл осында өткен. Киелі өлкеде Алтын орда әміршілері мен Қазақ хандарының ізі қалған. Біз ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тапсын деп осы жерге келіп отырмыз. Ұлт ұясы – Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын тапты, – деді Президент.

Ұлттық құрылтайдың құрамында 117 адам болады. Құрылтай барлық облыстың, сан түрлі саланың, әр буынның өкілдерін қамтиды. Бұнда азаматтық ұстанымы бар орта буынның тәжірибесі, жаңаша ойлайтын жастардың тың идеялары ортаға салынады.

Мемлекет басшысы ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына сенім білдірді. Сөйтіп, алты Алаштың баласы жиналған алқалы жиында алғашқы тапсырмасын да берді.

– Бұл жерде барлық рудың таңбасы тасқа жазылған. Сол арқылы бабаларымыз ұлт бірлігін көрсеткен. Қаныш Сәтбаев «Еліміздің ту тіккен жері – Таңбалы тас» деген. Өкінішке қарай, қастерлі жазулар кейін әбден бүлінді. Ел азаматтары Ұлытауға ескерткіш қойып, тастағы таңбаларды жаңғыртты. Бірақ, бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Мұнда қазақтың бірлігін әйгілейтін сәулетті нысан тұруы керек. Мен Әулиетаудың етегінде Мемлекеттік рәміздер алаңын ашуды тапсырамын.

►► 3-бетте

## Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Нұр-Сұлтан, Ақорда,  
2022 жылғы 14 маусым  
№ 928

### Б. ӘБДІҒАЛИҰЛЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Берік Әбдіғалиұлы Ұлытау облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті Қ. ТОҚАЕВ.

Нұр-Сұлтан, Ақорда,  
2022 жылғы 11 маусым

### Ұлытау облысының әкімі Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ



## ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ҰЛЫТАУДА ӨТУІНІҢ МӘНІ ӨТЕ ТЕРЕҢ



Біз көшпенділер заманында өрлеудің шыңға шыңына шыққан, өшпенділер заманында тозақтың шыңырау тереңіне түскен ұлтпыз. Әлемге кентавр жайлы аңыз тудырып, құмырсқадай құжынаған қытайды аспанмен астасқан, көкжиекпен ұштасқан қорған салуға мәжбүрлеген, ормандай орыстың князьдарын зормандай етіп інге тыққан да бізбіз!

Бүгінде сол көршілерден қаймығып, тарихымыздан айрылып отырғанымызда бірінші ұлттық Құрылтайдың «Ұлт ұясы – Ұлытауда» өткізілуі, келесісінің «Ер түріктің бесігі – Түркістанда» өтетін болып белгіленуі үлкен ишара. Бұл тамырымызға, тарихымызға қайтып оралудың нақты қадамы. Тәуелсіз, мәңгі ел болудың әрекеті. Алаш баласы алшандай басып, жарқылдай күліп, жайнадап жүрер күн жақындай түскей. Тура осы мақсатқа келгенде жұдырықтай түйіліп, жұрт болып жылып, абыздардың аузын бағып, ағалардың соңынан ерейік. Туымыз Әулиетауда желбіресе, рухымыз Алаш аспанында жарқылдасын.

Әнуар ОМАР.

# ЖАҢА ОБЛЫСТА – ЖАҢА ӘКІМ

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үстіміздегі жылдың наурыз айындағы Жолдауында үш жаңа облыстың құрылатындығы туралы ақжолдай хабар жеткеннен бері аймақ жұртшылығы мәре-сәре күйде. Бір-бірінен сүйінші сұрасып, Жезқазғанды облыс орталығына айналдыру хақындағы арманның ақиқатқа айналғанын жарыса айтып, қуаныштары қойындарына сыймай жүр. Көп күттірмей Ұлытау облысының ресми түрде ашылуы туралы Жарлық та жарияланып, маусымның сегізінде күшіне енді.*

Енді жұртшылық облыс әкімі лауазымына кімнің келетінін болжап, өз нұсқаларын айтып даурықты. Маусымның 11-де мәслихат жиынында елдің бұл болжамына да нүкте қойылды. Жиынға Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу, әр деңгейдегі мәслихат депутаттары қатысты. Өз кезегінде Мұрат Әбуғалиұлы жиналғандардың назарына 5 маусымдағы референдум нәтижесінде ҚР Конституциясына

енгізілген өзгерістерге сәйкес, Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихаттардың қарауына Ұлытау облысының әкімі лауазымына Берік Әбдіғалиұлы мен Серік Шайдаровтың кандидатуралары ұсынылып отырғанын айтып, өмірбаяндық деректерімен таныстырды. Одан кейін кандидаттар сөз алып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша өз бағдарламаларын ұсынды. Оның қатарында инфрақұрылымды жетілдіру,



моноқалаларды дамыту, шағын кәсіпкерлікті өркендету мәселелері бар. Депутаттар ашық дауыс беру тәсілін таңдады. Есептік комиссияның ақпаратына сәйкес, жиынға қатысқан 64 депутаттың 51-і Берік Әбдіғалиұлының, 13-і Серік Шайдаровтың кандидатурасын қолдап дауыс берді. Осылайша Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Берік Әбдіғалиұлы Ұлытау облысының әкімі қызметіне тағайындалды.

Мәслихат жиыны облыс активіне ұласты. Жиналғандарға Ұлытау облысының судай жаңа әкімі таныстырылды. Таныстыру дегеніміз артық болар. Бұдан бұрын да Ұлытау-Жезқазған аймағында қызмет істеген Берік Әбдіғалиұлын білмейтін жан кемде-кем. Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу жаңа облыста шешімін күткен шаруашы етектен екенін алға тартып, жұртшылықты жаңа әкіммен қоян-қолтық жұмыс істеуге

шақырды. Облыс басшысы Берік Әбдіғалиұлы жүктелген жауапкершіліктің жүгі ауыр екенін тілге тиек етіп, сенім үдесінен шығуға тырысатынын жеткізді. Соңында елге, жерге адал қызмет етуге ант берді. Одан кейін жиналғандар жаңа әкімді жаңа қызметімен құттықтап, жүрекжардысын ақтарды. Сөз алғандардың барлығы дерлік бірліктің берекеге бастайтынын айтып, ортақ мүддеге жұмылуға шақырды.

Ұлытау облысы құрылды, оны қалыптастыратын, дамытатын әкімі де белгілі болды. Енді қалғаны шешімін күткен істерге білек сыбанып, бел шеше кірісу ғана. Жұртшылық қашанда қолға алынған қай істің болмасын ел мүддесіне шешілгенін қалайды. Ендеше халық тілегі басты орында болып, жаңа облыс дамудың даңғыл жолына түссе дейміз. Біздегі тілек осы ғана.

Меруерт НАУРЫЗБАЙ.



## ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

# ӨҢІРГЕ ҚАТЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР СӨЗ БОЛДЫ

*Жаздың басы Жезқазған өңірі үшін жағымды жаңалықпен басталды. Мемлекет басшысының жаңа үш облыс құру жөніндегі пәрмені 8 маусым күні күшіне енді. Ал, араға үш күн салып сол жаңа әкімшілік аймақтың бірі – Ұлытау облысының әкімі тағайындалды. Бұл мәртебелі орынтаққа бұрынғы Мәжіліс депутаты Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ отырды.*



Бұрынғы тағайындаулардан бір ерекшелігі бұл жолы әкім лауазымына екі үміткер ұсынылды. Мұны күні кеше күллі қазақ елі болып қатысқан референдумның жемісі деп түсінді жүрт. Жаңа Қазақстанның жаңа саяси қадамы осылай басталды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өңір әкімдерін тағайындаудың жаңа ережелерін бекітті. Соған сәйкес, Мемлекет басшысы мәслихаттарға облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімі лауазымына кемінде екі кандидат ұсынады. Жаңа ереже бойынша облыстық мәслихат депутаттары жаңа басшыны дауыс беріп таңдады.

Сонымен, облыс құрылды, аймақ басшысы тағайындалды. Енді, алда қыруар жұмыс, ауқымды шаруалар тұр. Осы орайда жаңа өңірді дамытуда басымдық беретін негізгі бағыттарды айқындау маңызды. Жаңа облыс орталықтарында инфрақұрылымды дамытумен қатар, экономиканы әртараптандыру бойынша кешенді шаралар қабылдау қажет. Ұлытау облысының жаңа басшысы осы бағыттағы жұмысын бастап та кетті. Ол өңірде өндірісті дамытып, жұмыссыздық мәселесін шешуге басымдық бермек. Республикалық бұқаралық апарат құралдары өкілдеріне берген сұхбатында өңір басшысы алда тұрған осы мәселелерді саралап шықты. Ол Ұлытау облысының өндірістік әлеуетінен бөлек, туризмді жандандыруға мол мүмкіндіктері бар екенін де атап өтті. «Ол үшін өңірдің инфрақұрылымын, туристік кластерін жан-жақты дамыту керек», – дейді Берік Әбдіғалиұлы.

– Қызылорда-Жезқазған жолын созбай, тездетіп бастап, бітіру мәселесін Мемлекет-

тік деңгейге көтеру қажет. Өйткені бағаның өзгеруіне байланысты жобаны қайта қарағылары келіп, өз тараптарынан жұмыс істеп жатыр. Екіншіден, экология мәселесі бар. Осы мәселені көтерігім келіп отыр. Біз Арал өңіріне кіреміз, содан кейін гептил мәселесі бар. Экологиялық зардаптар дәлелденсе, қосымша әлеуметтік көмек көбейеді. Бұл үлкен қолдау болады. Үшіншіден, Жезқазған қаласының, жалпы өңірдің ауысуы мәселесі бар. Бізде инфрақұрылымдар әбден тозған. Жаңаарқа, Сәтбаев, Ұлытау, Жезқазған – бәрінде де көріз жүйесі, су құбырлары әбден тозған. Осының бәрін Үкіметтің қолдауымен, «Қазақмыс» корпорациясы бар, бірігіп, тез арада шешуді негізгі міндет деп топшылап отырмыз, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ Берік Әбдіғалиұлы қайта құрылған өңірді түлету үшін қосымша қаражат керек екенін жеткізді. Өңірдің жер қойнауын игеріп отырған өнеркәсіп алпауыттарынан да демеушілік қаржы тарту көзделіп отырған көрінеді.

– Өрине одан басқа да жобалар бар. Қазір халық санының өскеніне байланысты тұрғын үй мәселесін шешу керек болады. Қаражалда жол мәселесі, Жаңаарқада жаңа кәсіптер ашу, Ұлытаудағы су, электр проблемалары – қазіргі таңда ең алғашқы кезекте тұр. Қосымша қаражат сұраймыз, әрине. Өйткені бұл бір жылда ғана шешілетін мәселелер емес, алдағы 2-3 жылда істелетін жұмыс. Сондықтан біз оның бәрін жоспарлап, дәлелдеп, негіздейміз. Демеушілік қолдау да бар. «Қазақмыс», «Қазцинк», «Арселор Миттал» деген мекемелер бар. Олармен де жұмыс істейміз, – дейді Берік Әбдіғалиұлы өз сұхбатында.

*Ал, дүйсенбі күнгі аппараттық жиында Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы Жезқазған қаласында бүгінгі күні атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды. Және осыған сәйкес жауапты сала басилары мен мамандарына қадау-қадау міндеттер жүктмеді.*

Жиынға Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсәттаров, Ұлытау облысы мәслихатының хатшысы Бауыржан Шыңғысов және қала әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, ауыл әкімдері, коммуналдық кәсіпорындардың басшылары мен бұқаралық апарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жаңа облыстың алғашқы аппараттық жиынын ашқан өңір басшысы Ұлытау облысын құрылымдау, кадрлық мәселелерді шешу, қаражат бөлу рәсімдерін реттеп жүргізу үшін арнайы жұмыс тобы құрылғанын жеткізді.

Өңір басшысының айтуынша облыстық құрылымдық бөлімдер жинақы, 250-ден аса штаттық бірлікті қамтитын болады. Лауазымдарға бірінші кезекте өңірімізде мемлекеттік қызметте жүрген азаматтар тартылады. – Өрине, Қарағандыдан, республикамыздың өзге де аймақтарынан келеміз деп ниет білдірушілерге де қызметтер ұсынамыз. Бұл Жезқазғанда

облысының құрамындағы қалалар мен аудандардың мемлекеттік органдары өзгеріссіз, қалыпты жағдайда жұмысын жалғастыра береді, – деп түйіндеді сөзін аймақ басшысы.

Аппараттық жиында қаланың бүгінгі тыныс-тіршілігіне қатысты мәселелер сөз болды. Алғашқы болып қала бюджетінің орындалуы, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы жобалардың іске асырылуы туралы сәйкес бөлімдердің басшылары есеп берді.

Күн тәртібіндегі мәселелерге орай облыс басшысы жауапты ұйымдарға «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде биыл пайдалануға берілетін 3 (150 пәтер) тұрғын үйдің ауаларын абаттандыру жұмыстарын қалыс қалдырмауды, газдандыру бағдарламасын жүзеге асыру кезінде әлеуметтік қолдауды қажет ететін топтардың өкілдеріне көмек көрсетуді қатаң тапсырды.

орындалады, – деді Берік Әбдіғалиұлы.

Одан әрі суға түсу маусымы және өрт қауіпті кезеңнің өту барысы қаралып, Жезқазған қаласының ТЖБ бастығының баяндамасы тыңдалды. Талқыланған мәселенің өзегі адам өміріне төнетін қауіп-қатерге қатысты болғандықтан, мемлекет тарапынан оның алдын алуға бағытталған барынша тиісті шаралар қабылданып, жүзеге асырылуда. Осы орайда, Берік Әбдіғалиұлы төтенше жағдай құрылымын техникалық жағынан нығайту қажеттігін атап өтті.

Жиында азық-түлік қауіпсіздігіне ерекше назар аударылды. Өсіресе, азық-түлік бағасына қатысты ақпаратты халыққа дер кезінде жеткізіп тұру қажеттігі баса айтылды. Орайы келгенде айта кетейік, бірінші сұрыпты нанның бағасын тұрақтандыру және өсірмеу мақсатында, «Ақжайық» ЖШС-нен жыл басынан бері 1 кг 120 теңге 544 тонна ұн «Ұлытау Нан» ЖШС-не



жаңа әкімшілік ғимараттардың, тұрғын үйлердің салынуына түрткі болады. Сонымен қатар, облыс орталығының әлеуетінің артуына да септігін тигізеді, – деді Берік Әбдіғалиұлы.

Облыс әкімі өңірімізге сырттан келетін қызметкерлердің тұрғын үй сұрақтары мемлекеттік қордан тұрғын үйге мұқтаждар кезегіне ешбір кедергі келтірмейтінін, ол басқаша бағдарламалар, жолдар арқылы шешілетінін да ашып айтты.

– 1-2 ай шамасында аймағымызда ұйымдастыру кезеңі орын алмақ және бұл аралықта Ұлытау

– Әлеуметтік бағдарламалар бөлімі олардың тізімдерін нақтылайды. Бұған қоса әрбір проблемалық жағдайларды шешу бойынша да септігін тигізеді, – деді Берік Әбдіғалиұлы.

Сонымен қатар, бүгінгі күнге облыстық, республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттар есебінен мемлекеттік тапсырыс орындауға шарт жасасқан мердігерлерге өтпелі кезеңге байланысты алаңдамай, жұмыстарын атқаруы керектігін жеткізу қажет. Біздің тарапымыздан міндеттемелер толығымен

жеткізілген, ал бұл кәсіпорын өз кезегінде бірінші сұрыпты нанның көтерме бағасын 85 теңгеден асырмай сатуда.

Сол сияқты, ағымдағы жылдың 10 маусымында қалаға тұрақтандыру қорынан 80 тонна қант келген. Сатып алу бағасы 381 теңге, сату бағасы 401 теңге. Жалпы, жыл басынан бері осы тұрақтандыру қоры арқылы қалаға 121 тонна қант, 7 тонна қарақұмық, 25 тонна бірінші сұрыпты ұн, 142 тонна картоп және 664 мың дана жұмыртқа жеткізілген.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

## Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Менің Жарлығыммен бұл өңірде жаңа облыс құрылғанын білесіздер. Қасиетті өлкелеріміздің атын жаңғыртып, оны Ұлытау деп атадық. Дербес облыс мәртебесі осы аймақты тың серпінмен дамытуға мүмкіндік береді. Жұмыс орындары ашылып, халықтың әл-ауқаты жақсара түседі деп ойлаймын. Жаңа нысандар, солардың ішінде әлеуметтік кешендер бой көтереді, туристік әлеуеті артады. Облыстың алғашқы қадамы алқалы жиыннан басталуда. Ұлт ұясы – Ұлытаудың ғасырлар бойғы ұлы миссиясы қайта жалғасын тапты».

\*\*\*

«Құрылтайға Парламент депутаттары, саяси партиялар мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері де шақырылды. Үкіметтік емес және кәсіби ұйымдардың өкілдері де шет қалған жоқ. Құрылтай құрамына өңірлік қоғамдық кеңестердің мүшелерін қостық. Мен Ұлттық құрылтай атына заты сай болып, ел үмітін ақтайды деп сенемін. Бізде түрлі пікірталас алаңдары бар, бірақ құрылтайдың орны бір бөлек. Құрылтай – кең ауқымды жиын. Бірақ бұл жұмыстың сапасына кері әсер етпейтін керек. Бұл жерде халықтың үні шын мәнінде естілуі тиіс. Кез келген адамды құрылтайға қатыстыруға болмайды. Жұрттың мұң-мұқтажын, талап-тілегін жеткізетін азаматтар бас қосуы керек. Бұл ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына көміл сенемін».

\*\*\*

«Конституциялық өзгерістер, осылайша, кезең-кезеңімен қолданыла бермек. Жаңарған Конституция толыққанды қолданысқа енуі үшін әлі көп жұмыс істеуіміз керек. Біз 20-дан астам жаңа заң жобасын әзірлеп, қабылдауымыз қажет», – деді Мемлекет басшысы. Сайлау туралы, саяси партиялар туралы және басқа да бірқатар заңдарды өзгертеміз. Бұл елді табысты жаңғырту тұрғысынан өте маңызды. Заңдарды қабылдау үшін бірнеше ай, тіпті, жарты жыл уақыт қажет болуы мүмкін. Бірақ, реформаны созып, арқаны кеңге салуға болмайды. Жұрт нақты өзгерістердің қазір болғанын қалайды. Сондықтан, депутаттарымыз негізгі заң жобаларын осы кезден жинақтай беруі керек. Сосын күзгі сессия басталғанда бірден іске кіріскен жөн. Басты заңдар жыл соңына дейін қабылдануға тиіс. Сонда ғана жан-жақты жаңғыруды жоғары қарқынмен жалғастыра аламыз».

\*\*\*

«Біз ұлтты ұйыстыратын парасатты, тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән беруіміз қажет. Бұл – Ұлттық құрылтайдың ең басты міндеті. Сондықтан мынадай бағыттарға назар аудару қажет деп ойлаймын. Бұл – стратегиялық бағытымыз. Осы бағдарды берік ұстануымыз керек. Сонғы үш жылда бұл салада біраз нәтижеге жеттік. Билік пен халық арасында мәзүмді диалог орнаттық. Бұған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі зор септігін тигізгенін атап өткім келеді. Сол арқылы бірқатар озық идеялар ұсынылды. Митингілер туралы демократиялық заң шықты. Партиялық сайлау тізіміне әйелдер мен жастар үшін отыз пайыздық квота енгізілді. Қоғамдық кеңестердің жұмысы жандана түсті. Саяси жаңғыру бағдарламасы арқылы оң бастамалар лайықты жалғасын табары сөзсіз».

\*\*\*

«Заң мен тәртіп – ішкі тұрақтылықтың бірден-бір кепілі. Онсыз қоғамның дамуы мүмкін емес. Сондықтан, бұл қағида біздің ең басты бағдарымыз болуға тиіс. Жалпы, отбасын асырау үшін табанды еңбек етіп жүрген, заңға бағынатын адамдар құрметке ие болуы керек. Өкінішке қарай, бізде көше бұзақылары, жауапкершіліктен жұрдай блогерлер және масылдық пиғылмен айқай шығаратын адамдар бүгінгі күннің батырына айналды. Депутаттар мен атқарушы билік өкілдері соларға ғана баса мән беретін болды. Түрлі деңгейдегі шенеуніктер солардың ғана талабын орындауға жүгіреді. Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің көмегіне сеніп отырған, заңға бағынатын қарапайым жұрт назардан тыс қалмауы керек. Елімізде шешімін таппаған түйткілдер көп».

«Әлемде еңбекті бәсекелестік деңгейіне көтерген мемлекеттер бар. Соның арқасында олар сапалы өнімдерімен жер жүзін мойындатып отыр. Бұл халықтар өз ұрпағын жас кезінен тынбай жұмыс істеуге баулиды. Солардың тәжірибесін өзімізге бейімдеп, бала тәрбиесіне енгізу жайын қарастырған жөн. Халқымыз «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» деп бекер айтпаған. Жаңа Қазақстанда еңбекқор адам ең сыйлы адам болуға тиіс. Біз өскелең ұрпақты адал еңбекке баулып, жаһандық нарықта бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуіміз қажет. Маңдай термен тапқан әр тиын – нағыз ардың ісі, Абай айтқан «Толық адамның» еңбегі екенін жастардың санасына тоқуымыз қажет».

\*\*\*

«Ең бастысы, біздің бағдарымызды халықтың басым көпшілігі қолдап отыр. Азаматтарымыз елімізде түбегейлі өзгеріс болатынына сенеді. Дегенмен, референдум табысты өтті екен деп, босаңсуға болмайды. Нағыз жұмыс енді басталды. Қазірдің өзінде жаңғыру үдерісі біртіндеп жалпыұлттық сипатқа ие бола бастады. Шын мәнінде, жаңғырудың әсерін әрбір азаматымыз сезінуі қажет. Елдегі өзгеріске әркім өз ісіндей қараса, шын мәнінде, жаңару жолына түсеміз. Мұны еліміздің әрбір азаматы терең түсінгені жөн».

\*\*\*

«Азаматтарымыз саяси қолдауға ие болған кейбір адамдардың шектен тыс байып кететініне наразы. Оған қоса, олар байлықтарының қомақты бөлігін шетел асырып әкеткен. Халықтың ашуын түсінуге болады. Сондықтан, менің Жарлығыммен Арнаулы мекемеаралық комиссия құрылды. Комиссияның міндеті – шетелге заңсыз шығарылған қаржыны елге қайтару. Бұл – өте күрделі жұмыс, ұзаққа созылуы мүмкін. Себебі, көптеген заңдық процедуранан өту керек. Бірақ, біз қалай болса да, бұл мәселемен мұқият айналысуымыз қажет. Әйтпесе, әділетті қоғам туралы сөз қозғаудың өзі қиын болады».

\*\*\*

«Қазір – интернет дәуірі. Жастар өзіне қажет мәліметті ғаламтордан алады. Дәстүрлі ақпарат құралдарымен қатар, әлеуметтік желіге баса мән беру қажет. Жаңғырудың маңызын ұрпақ санасына сіңіру үшін жаңа тәсілдерді қолдану керек. Өйткені, бүгінгі реформалардың игілігін ертең солар көреді. Біз не істесек те, бәрін ұрпақ үшін істеп жатырмыз. Әрине, қоғамның басқа өкілдері де тыс қалмауы тиіс. Жаңа қоғам құру, жаңа сананы қалыптастыру ісіне бүкіл елді ұйыстыру қажет. Осылайша, құрылтай реформаларды жүзеге асыруға жан-жақты атсалысады. Түптеп келгенде, Ұлттық құрылтай елеулі азаматтық қоғам институттарының біріне айналуы тиіс».

\*\*\*

«Құрылтайға қанша адам кірсе де, қоғамды толық қамты алмайды деген пікір айтылып жүр. Бірақ, Құрылтай мүшелерін көбейте берсек, одан пайда болмайды. Бұдан жұмыстың берекесі қашып, ұйымдастыру ісі қиындап кетуі мүмкін. Құрылтай – белгілі бір адамдар ғана бас қосатын жер емес. Ол, шын мәнінде, жалпыұлттық жиынға айналуы керек. Бұл – өте маңызды міндет. Сонда мемлекет пен халықтың қарым-қатынасы барынша тиімді болмақ. Мен «Qirultay» деген арнайы мобильді қосымша әзірлеуді ұсынамын. Сол арқылы халық елді жаңғырту туралы ой-пікірін онлайн режимде айта алады. Жұрт реформаның нақты пайдасын көруі қажет. Сондай-ақ, оған тікелей қатысуға мүмкіндігі болуы керек. Азаматтар өзекті мәселелер бойынша интерактивті сауалнамаға қатысады. Кез-келген түйткілді шешу жолын ұсынып, елімізді жаңғыртуға өз үлесін қоса алады. Қайырымдылық істерді үйлестіретін түсінікті әрі тиімді электронды сервисті іске қосуға болады. Мұның бәрі цифрлық демократияны дамытатын технологиялық платформаның негізін қалайды. Дамыған мемлекеттер осыған ұмтылып жатыр. Біз ғаламдық өркениеттің көшінен қалып қоймауымыз қажет. Ұлттық құрылтайдың электронды нұсқасын жасаған жөн. Сонда әрбір азаматымыз ортақ іске атсалысады».

# ҰЛЫТАУДА БІРІНШІ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ӨТТІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қасиетті өңірде көк байрағымыз асқақтап тұруға тиіс. Сол арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып жатқанын көрсетеміз, – деді Мемлекет басшысы.

## ҚҰРЫЛТАЙ ҰСТАНАР ҮШ БАҒЫТ

Президенттің айтуынша, Ұлттық құрылтайдың ең басты міндеті – ұлтты ұйыстыратын парасатты, тың идеялар мен ұсыныстарға айрықша мән берілуі керек. Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай жұмысы барысында басшылыққа алынуы тиіс үш негізгі мәселені атады.

– Бірінші. Жалпыұлттық бірлікті нығайту. Ең алдымен, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға айрықша мән беруіміз қажет. Сонымен қатар, қоғамды алға жетелейтін құндылықтарды қалыптастыруымыз керек. Біз орнықты демократиялық институттар құрамыз десек, саяси жауапкершілік мәдениетін дамытуымыз қажет. Шын мәнінде, нағыз отаншылдық қасиетті қалыптастыруға тиіспіз. Сонда радикализм мен экстремизмге тосқауыл қоямыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы елдің ең басты құндылығы егемендік екеніне назар аударып, қаңтар оқиғасынан кейін Қазақстанда саяси белсенділік артқанын атап өтті. Жаңа саяси партиялар мен қозғалыстар пайда бола бастағанын, түрлі алаңдарда әртүрлі пікірлер айтылып жатқанынан хабардар екенін айтты.

– Қоғам белсенділері әлеуметтік желіде түрлі мәселелерді көтеріп жүр. Шыны керек, кейде мүлде ақылға сыймайтын пайымдар да айтылады. Жұрт даулы мәселелерге наразылық білдіріп, көшеге шығатын болды. Занды белден басатын азаматтар да жоқ емес. Біртіндеп демократия жолына түсу кезінде мұндай жағдайлардың болуы – түсінікті. Бірақ, Заң талабы мұлткіз орындалуға тиіс екенін әрдайым есте ұстау қажет.

**P.S.**

*Жийиңда Мемлекет басшысынан бөлек Ұлттық құрылтайдың 10 мүшесі сөз сөйледі. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин құрылтайды жүргізді. Құрылтай отырысының соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі ақын Мұхтар Шахановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беріп, «Отан» орденін тақты.*

*Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.  
(Материал Ақорда сайтының ақпараттары негізінде әзірленді).*

## РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАЙТА ОРАЛДЫ

Мемлекет басшысы Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне де өзгеріс енгізген жөн деп есептейді. Мәселен, Тәуелсіздік мейрамының мәнін өзгертіп, кейінгі жылдары атаусыз қалған Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынды.

– 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің Тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды рөл атқарды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек. Әрине, Тәуелсіздік күнінің бастапқы мәні сақталды. Бұл күн мемлекеттік мереке болып қала береді. Бірақ, Тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде атап өтілуі керек, – деді Президент.

## ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ БАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІ ӨЛМЕЙДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілінің мәртебесіне де тоқталды.

– Мемлекеттік тілдің тұғыры күн өткен сайын нығайып келеді. Оған қоса, әлемнің басты ақпарат құралдары қазақша шығып жатыр. Жақында әйгілі «APPLE» компаниясы қазақ тілін iOS-тың тілдер жүйесіне қосты. Әлемнің 40 тілінде тарайтын «NICKEL ODEON» телеарнасы қазақша көрсетіле бастады. Жастардың бастамасымен «NATIONAL GEOGRAPHIC» журналы 6 жылдан бері ана тілімізде жарық көруде. Осындай көптеген жағымды жаңалықтар бар. Сондықтан қатты алаңдауға негіз жоқ деп ойлаймын. Десек те, осы саладағы жұмысымызды даңғаз жасамай, табандылықпен жүргізуіміз қажет. Қазақ мемлекеті аман тұрғанда, қазақ тілі жасай береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## КЕЛЕСІ ҚҰРЫЛТАЙ ТҮРКІСТАНДА ӨТПЕК

Мемлекет басшысы сөзінің соңында осыған дейін қазақ қоғамын толғандырған келесі мәселелердің бәрі Ұлытауда, Ордабасыда, Мәртөбеде, Құлтөбеде өткен осындай кеңестерде шешілгенін айта келіп, Ұлттық құрылтайдың келесі жиынын Түркістанда өткізуді ұсынды.

– Біз бүгін құрылтай жұмысының негізгі бағдарын айқындадық. Бұл құрылым демократия құндылықтарын орнықтыруға зор үлес қосары сөзсіз. Құрылтай жұмысы мұнымен шектеліп қалмайды. Біз жыл сайын тұрақты түрде кездесіп тұрамыз. Қазақ даласында ел тағдыры шешілген тарихи орындар аз емес. Ұлытаудан бөлек, Ордабасы, Мәртөбе, Құлтөбе сияқты кәсіпкерлік жерлеріміз бар. Мен келесі басқосуды киелі Түркістанда өткізуді ұсынамын. Құрылтайдың әр аймақта өтуі сол өңірдің дамуына серпін береді. Оның мүшелері әр жолы бір өңірдің тыныс-тіршілігімен танысады.

## ТОҚСАН АУЫЗ СӨЗДІң ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІНІ

Президент еліміз үшін ауқымды жұмыс тұрғанын еске салды. Оның сөзінше, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық болуы керек. Онсыз Қазақстанның өсіп-өркендеуі мүмкін емес.

– Бейбітшілік пен тұрақтылықтың өзегі ел бірлігі екенін есте сақтайық. Халқымыз «Береке басы – бірлік» деген. Қазір әлемдегі ахуал құбылмалы. Оны жақсы білесіздер. Осы күрделі кезеңде ауызбіршілігіміздің мықты болуы өте маңызды. Біз қиындықтардың бәрін ынтымақтың арқасында еңсеріп келеміз. Болашақта да осы жолдан таймауымыз керек. Мен халқымыздың жасампаздық рухына көміл сенемін. Қазақ елінің мәртебесі биіктей берсін! – деп түйіндеді сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

## Ерлан ҚОШАНОВ, Ұлттық құрылтай мүшесі:



«Бүгінгі Ұлттық құрылтайға біз ата-бабаларымыздың артында қалдырған – татулық пен бірліктің байрағын көтеріп, адал аманатын арқапал келіп отырмыз. Барша көпұлтты отандастарымыздың осы игі жолда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Бабалар аманатына адал болып, оны ұрпаққа табыстау – мен үшін киелі

парыз» деген ардақты сөзінен қуат алғаны ақиқат! Оған осыдан екі апта бұрын Ата Заңымызға енгізілген өзгерістерге арналып өткен республикалық референдумның оң нәтижелері айқын дәлел. Қазақ елі өз тарихының жаңа белесіне аяқ басты. Бірінші шындық – бірлік. Қазақ халқының, Қазақстан жұртының мемлекеттік, ұлттық бағытта ұйыса білетінін, сын сағатта саяси амбициясын ысырып, асқан мұратшылдық пен ауызбіршілік үлгісін танытып, оны елге де, әлемге де паш етті. Халқымыз Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Екінші республика құруды көздеген стратегиялық бағытын, терең реформаларын, елді түбегейлі өзгертуге бағытталған тарихи талпынысын басым дауыспен қолдады. Еліміз реформалардың одан әрі жалғасын, жалғаса беруін қалап отыр. Ел-жұртты аралап, мыңдаған

кездесулер өткізген кезде Мәжіліс депутаттары, «Аманаттың» өңірдегі өкілдері осыған толық көз жеткізді. Түптеп келгенде, Қасыретті қаңтар оқиғасынан кейін Қазақстанның болашағына, қазақ қоғамының бірлігіне күман келтіргендер де аз болған жоқ. Алайда тарихи референдум халқымыздың тұтастық пен ауызбіршілікке, мемлекетшілдік мұраты мен тәу еткен Тәуелсіздікке адал екенін айқын көрсетті. Осы тұста, Қасым-Жомарт Кемелұлы, мен бір нәрсені ерекше атап өткім келеді. Ел тағдыры қыл үстінде тұрған сол сын сағаттарында аса ауыр жағдайда қандай қиын шешімдер қабылдағанымыздың куәгері болдық. Ол туралы кешегі берген теле-сұхбатыңызда өзіңіз де айттыңыз. Сол шешімдер біздің тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігімізді сақтап қалғаны – ақиқат».

## Әлихан БӘЙМЕН, Ұлттық құрылтай мүшесі:

Жалпы ұлттық құндылықтарды айтқанда бірінші кезекте ел әлеуетін анықтайтын шешуші фактор – адами капиталға тоқталған жөн. Адамның тән саулығына жұтатын ауа, ішетін су, жейтін тағам сапасы қалай әсер етсе, жан саулығына алатын ақпарат пен білімі де солай әсер етеді.

«Адами капитал дамуында экономикалық саясаттың орны ерекше. Мемлекет басшысының монополиядан арылуға бағытталған батыл шешімдері қоғамдық психологияға да әсер етіп, алпауыт олигархтар елдің иесі – ұлт бар екенін сезіне бастағандай. Енді жер қойнауын пайдалану контракттері жария болуын міндеттейтін заңдар қажет. Екіншіден, Үкімет осы күнге дейін беріліп келген салықтық, кедендік, басқа жеңілдіктерге ревизия жасап, арнайы комиссия қайта шешім қабылдағанша олардың берілуін тоқтата тұру дұрыс деп есептеймін. Біздегі көптеген мәселенің, сенімнің шайылуының негізгі себебі – жемқорлық. Оған қарсы күресте соңғы уақытта атқарылған пәрменді істерге қосар екі ұсынысым бар. Біріншіден, мемлекет ортақ игіліктерді

бөлгенде блокчейнді енгізу. Екіншіден, мемлекеттік бюджет пен кәсіпкерлер арасындағы транзакциялардың жариялылығын қамтамасыз ететін интернет платформа жасау. Мысалы, бүгінде шалғай ауылда мектеп не аурухана төбесінен су ақса, жөндеуге облыс қаражат бергенше күту керек. Сол себептен осы деңгейдегі билікті күшейтсе, халық шешетін мәселелер өзіне жақын болатын еді.

**Құрметті**

**Қасым-Жомарт Кемелұлы!**

Сіз бастаған «Еститін мемлекет» концепциясы толық жұмыс жасауы үшін халықтың мұны мен мұқтажы, даты (үні) мен даусы билікке арыз-шағымсыз жететін жүйе қажет. Заманауи демократияларда бұл жүкті бұқаралық ақпарат құралдары алып жүр. Бұл мақсатта «Хабар» және «Қазақстан» арналарын қоғамдық телекорпорациялар жасау қажет деп ойлаймын.

## ҚҰРЫЛТАЙДАН КЕЙІНГІ ОЙ

Республика күніне байланысты менің



пікірім бұл өте дұрыс шешім. «Егемен болмай, ел болмас» дейді ғой. Сондықтан Республика күнін қайтарып, біздің ұлттық мереке қылған жөн. Ендігі ұсынысы осыны жүзеге асырғанда оны жай демалыс күні қылып жібермей салтанатты парада да, қиналыс та, мерекелік концерт те нақты 25-і күні болуы керек. Әйтпесе бізде мысалы Тәуелсіздік күні қиыналысын бір күн бұрын 15-і күні өткізеді де, 16-сын қатардағы демалыс қылып жібереді. Жалпы осындай ұлттық мерекені 25-де бұл сенбеге келе ме, жексенбеге келе ме, одан кейінгі күнгі демалыс дегенді жасамау керек. Сол күні мерекеленуі керек, сонда оның қадірі болады.

19 МАУСЫМ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



## Әлемі әдемі ӘЙГЕРІМ

сөз таба білгенің өзі қандай?! Сондай риза болып қалдым. Есімін сұрасам «Әйгерім» деді. «Жан әлемің сондай әдемі бала екен-сің» дедім ішімнен.

Бір күні кешкілік ауысымға келіп, емдом жасай бастаған Әйгерім: «Көке, сізге бүгінгі салатын система неге үстелдің үстінде жатыр? Қыздар салмай кеткен бе?» десін. Мен қайдан білейін? Шынында да, сол күні ертенгілік келген мейірбике менің тамырымды таба алмай, біресе оң, біресе сол қолына инесін тыққыштап жүрген. Сөйтсем сол тамырды таба алмаған қалпы система-ны салмаған қалпы, үстелдің үстіне тастапты да кетіпті. «Қыздардың мұнысы несі екен? Егер тамырды таба алмаса, басқаға айту керек еді ғой. Егер сіздің орныңызда не әкесі, не ағасы жатса, зыр жүгіріп кетер еді, бұлары несі?» деген Әйгерім әріптесі үшін кешірім сұрай жүріп, кеш болса да белгіленген емді орнына келтірді. Оның қолының ептілігіне риза болғаным соншалық, «Сен келсең еш қиналмай-ақ тамырды таба қоясың, басқа мейірбикелер кәдімгідей қиналып жатады. Тіпті біреуінен «немене бұрын ешқашан ауырмағансыз ба?» деген ұрыс естідім» деп едім. «Көке, ендеше, сіздің қолыңызға қатерер салып қояйыншы» деген Әйгерім, мейірбикелердің қайта-қайта тамыр іздеп әуреге түспейтін амалын жасады. «Бірақ, ине саларда да, салып болғасын да жудырып, шайдырып алыңыз» дегенді де ескертіп қойды. Мұнысы бекер емес екен. Кейінгі мейірбикелердің бірі жумай-шаймай ине салмақ болғанда, оған ескерту айтсам, «барібір ғой» деп істегісі келмеді. Сондағысы еріншектеніп тұрғаны. Бірақ, оған Әйгерімнің айтқанын мен де орындатпай қоймадым.

Былай қарасаң, қарапайым ғана мейірбике. Бірақ, адамға деген көзқарасы қалай? Жауапкершілікті терең сезінетіндігі байқалып-ақ тұр. Мұндай жандарға неге сүйсінеске? Оларды неге өзгелерге үлгі етпеске? Сол бір күндері «Осыдан аман-есен жазылып шықсам Әйгерім туралы жазармын-ау» деп өз-өзіме серт берген едім. Соның сәті енді ғана түсіп жатыр.

Әйгерім Сырымқызы Алтынбекова. Оның толық аты-жөні осылай екен. Астана медициналық колледжінің түлегі көрінеді.

Жезқазған көпсалалы ауруханасының инсульт бөлімшесінде мейірбике екен. Елді індет құрсаулағанда инфекциялық ауруханаға уақытша мейірбике болып барған екен. Бұл менің Әйгерім туралы кейінірек білгенім. Ол мейірбике мамандығы өзінің жүрек қалауы екенін айтады. «Неге екенін білмеймін, бірақ, өзім осы мамандықты ұнаттым. Оқыдым, шамам келгенше ұстаздарымның үйреткенін көңіле тоқыдым. Менің түсінігімдегі мейірбике, тек ине салып, дәрі беріп қана қоюмен шектелмеу керек. Науқасқа көңіл бөліп, онымен сөйлесіп, не ойлайтынын, жаны не үшін толқитынын білуі тиіс. Және соған орай жылы сөзін айтып, көңілін демдеу керек. Менің ұғымдағы емдеу деген сол» дейді Әйгерім. Сөзі мен ісі қабысатын Әйгерім тәрізді мамандар өкінішке орай көп емес. Ол биылғы жылы өткен қалалық «Үздік мейірбике» байқауына қатысты. Сол байқауда өз мамандығының қыр-сырын толық ашып көрсетуге ұмтылды. Қазылар алқасы оның науқастарға көңіл бөлу туралы ойларын жоғары бағалады. Шынында да, Әбу Сина бабамыздан қалды дейтін: «Емнің ең күштісі – жылы сөз» дейтін тәмсіл бар ғой. Біз көбіне-көп скальпельге, инеге жүгініп жатамыз.

Әрине, кімнің болса да айналамен қарым-қатынаста қалай жүріп-тұратынын оның табиғи жаратылысы пен отбасындағы тәлім-тәрбиесіне де қатысты. Әйгерімнің әкесі Сырым –кәсіпте жұмыс істесе, анасы Ләйла – кеңсе қызметкері. Қарапайым ғана жандар. Олар балаларын мейірімді, жанашыр болуға тәрбиеледі. «Не ексең соны орасың» деген. Әйгерім – соның жарқын мысалы. Әлемі қандай әдемі. Айналасына жақсылықтың, мейірімнің шуағы төгіліп тұрады. Мейірбике мамандығына керекті қасиеттер бойынан табылып-ақ тұр. Өз басым солай бағаладым. Әйгерімнің сол бір күндердегі жанашырлығы, көңіле демдеу болған мейірімі туралы осыған шейін реті келген жердің бәрінде айтып та жүрмін. Енді сол ризашылықты тасқа басып та таратқым келді. Бізге осындай жастар, мамандар керек-ақ! Тек денсаулық саласында ғана емес.

Абдолла ДАСТАНОВ.

Дархан Нұрланұлы МАННАП – №7 Қ. Сәтбаев атындағы мектеп-лицейінің түлегі. Әу баста оның жүрек қалауы өнер жолы еді, талантын ұштап, шығармашылығын дамытуды мақсат етті. Алайда, ана жүрегі перзентінің медицина саласында оқып, алғыс арқалаған абзал жанға айналғанын тіледі. Ақ сүтін беріп, мәпелеп өсірген аяулы анасының қалауы оның бозбала арманынан басым түсті. Сөйтіп 2011 жылы Жезқазған медициналық колледжіне оқуға түсіп, фельдшер мамандығы бойынша тәмамдап шығады. Оқуын ойдағыдай тәмамдаған соң жедел жәрдем станциясында, қалалық көп салалы ауруханада қызмет етіп, шыңдалды. Бүгінде «ЖезДенсаулық» ЖШС отбасылық дәрігер болып жемісті еңбек етіп келеді.

## АДАСТЫРМАҒАН АНА АРМАНЫ



Аяулы анасының қалауымен келген мамандықтың қыр-сырын меңгерген сайын Дарханның қызығушылығы артып, білімін жетілдіруге деген сұрықанысы еселене түседі. Қызметтен қолы қалт ете қалса, ізденіп, кәсіби біліктілігін жетілдіруге уақытының денін арнайды. Бозала таңнан қара кешке дейін басы ауырып, балтыры сыздап келген жастың да, жасамыстың да шағымын байыппен тындап, мейлінше көмек қолын созу, жылы сөзбен жанын жадыратып, көңілін табу да оңай іс емес. Бірақ Дархан Нұрланұлы өз мамандығын жан-тәнімен сүйеді, оған әрдайым адалдық танытып, елдің алғысын арқалау оның берік ұстанымдарының негізгісі. Еңбек жолын енді бастаған бозбала жедел-жәрдем станциясында қызметте жүргенде түрлі апаттан зардап шеккен жандарға алғашқы көмек көрсеткен. Дер шағында көрсетілген жәрдем, шұғыл қабылданған шешім өлім аузында жатқан талайдың өмісін сақтап қалды. Пандемия кезінде де уақытпен санаспай тер төккен, айлаң үйдің қарасын көрмеген бүгінгінің батырларының қатарында Дархан Маннап та болды. Аты өшкір індетпен арпалысып жатқан әр жанның дертіне дәрі болсын деп жанталасып, жанын жылы сөзбен емдеуде ақ халатты абзал жандардың еңбегі ұшан-теңіз. Отбасылық амбулаториядағы оның жұмысы бекітілген кесте бойынша кезекке тұрған науқастарды қабылдап, шағымына қарай тексеріс жасаудан басталады. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін осы амбулаторияның қызметіне жүгінеді. Біз де отбасымызбен осы медицина ұйымында тіркелгенбіз. Қашан келсеңіз, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алып, әр айтқан шағымыңызды мұқият тындап, қабылдауға тиісті ем-домыңызды асықпай жан-жақты түсіндіреді. Жас та болса науқастармен жұмыс істеу тәжірибесінің молдығына, ептілігіне, әр жанның көңілін таба білетін елгезектігіне сүйсінеске ама-

лығыз қалмайды. Басы ауырып, балтыры сыздап барған адамға көп нәрсенің қажеті шамалы, ақ көңіл мен жылы сөз ғана. Дәрігер Дархан Маннаптың қабылдауында болған кез келген адам сырқатын ұмытып, жадырап шығатыны міне, сондықтан. Ол өзінің сүйікті жұмысын өте жақсы көреді. Кейде күй-өңе тірліктен қажыған шақта қолын бір сілттеп, қым-қуыт тірлігі саябыр басқа салаға кеткісі келген уақыттары да болған. Бірақ, Гиппократ ант-на беріктігі, қолға алған әр ісін соңына жеткізбей тынбайтын тиянақтылығы, «уәде – Құдай аты» деп білетін зор жауапкершілігі, айтқанына қайтпайтын қайсарлығы оны әрдайым алға ұмтылуға жетелеп келеді. Нәтижесінде еңбек жолында әріптестерінің ортасында абыройлы. Төккен тердің де нәтижесі бұған дейін еншілеген ірілі-ұсақты марапаттары да жоқ емес.

Талапшыл жастың болашаққа түзген армандары, алдына қойған мақсаттары жетіп артылады. Қарапайым отбасында ер жеткен Дархан әкесі Нұрлан мен анасы Алимаштың үмітін ақтап, разылығына кенелуді қалайды. Білім көкжиегін кеңейтіп, келешегін кемелдендіру жолында медициналық оқулықтарды, бейнесоңжеттерді көп қарайды. Тәжірибесі уа болсын деп жанталасып, жанын жылы сөзбен емдеуде ақ халатты абзал жандардың еңбегі ұшан-теңіз. Отбасылық амбулаториядағы оның жұмысы бекітілген кесте бойынша кезекке тұрған науқастарды қабылдап, шағымына қарай тексеріс жасаудан басталады. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін осы амбулаторияның қызметіне жүгінеді. Біз де отбасымызбен осы медицина ұйымында тіркелгенбіз. Қашан келсеңіз, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алып, әр айтқан шағымыңызды мұқият тындап, қабылдауға тиісті ем-домыңызды асықпай жан-жақты түсіндіреді. Жас та болса науқастармен жұмыс істеу тәжірибесінің молдығына, ептілігіне, әр жанның көңілін таба білетін елгезектігіне сүйсінеске ама-

Меруерт НАУРЫЗБАЙ.

## АЛҒЫС АҰТАМЫН АЯУЛЫ ДӘРІГЕРГЕ

Тәңізе – ем, дертіңе дауа іздегенде қол ұшын созып, көмек көрсетер жандар – дәрігерлер. Науқастың дертінен күресу – ақ халатты абзал жандардың міндеті болғанымен, өз ісіне салғырт қарап, орны толмас қателік жасап жатқандар жайлы емі еститін бүгінгі уақытта жақсы сөз естісек құлағымызды тосырқай тосамыз. Жақында сондай оққаның куәгері болдық. Редакциямызға келген 85 жастағы Ізбасар ақсақал ауыр дерттен емдеп алған Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасындағы ішкі аурулар бөлімі, яғни терапия бөліміне өмірден күдер үзген шағында барған. Бұған дейін Сәтбаев, одан бөлек қаламыздағы айдарынан желі ескен емдеу орталықтарына қаралса да батпандап кірген дертінен жазылмапты. Одан әрі Қарағандыға жол тартады. Бұл жақтан да ауруын екі есе үдетіп елге оралады. Амалы таусылған Ізбасар Әміров ақсақал өз қаласына оралып, терапия бөліміне түскен.

Мұнда екі жақты пневмония, жүректің ишемиялық ауруы, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі ФК III, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, артериалды гипертензия 2, қауіп 4 диагностарды қойыды. Расында да қарттық дендеген шақта, бойыңа осыншама аурудың жабысуы оңайға соқпайтыны белгілі. Әйткенмен, бөлім меңгерушісі Бақыт Айтбаева мен өз ісіне адал, жұмысын риясыз жақсы көретін мамандар Ізбасар атамды дерттен құлан-таза айықтырады.

Бөлімге жоғары санатты терапевт-дәрігер, I санатты эндокринолог Бақыт Айтбаева жетекшілік етеді. Ординатор-терапевт Мархабат Укенова мен жоғары санатты аға медбикі Әлия Әбішева да жоғары біліктілігін танытып келеді. Олардан бөлек жоғары санатты медбикелер М. Шибиева, Г. Камалова, Р. Тұрсынмұратова, А. Бүтінбай, Ж. Сейтқарім, Г. Аялбергенова, К. Әлкебаева, Н. Дүйсенбекова мен кіші медперсоналдар Е. Карина, А. Сарина, Д. Әкімова, С. Нұрашваларды да еңбегі айрықша.

40 орынға шақталған терапия бөліміне тәулігіне орташа



есеппен 10-12 науқас түседі екен. Соның ішінде жедел түрдегі 5-6, жоспарлы түрде 6-7 науқасқа қызмет көрсетіледі. Ішкі аурулар бөлімінде тыныс алу, жүрек-қан тамыр, сүйек-буын жүйелері аурулары бойынша және жүкті әйелдер, босанғаннан кейінгі периодтағы әйелдер емделеді. Аталған бөлімде онкология, туберкулез аурулары анықталып, ары қарай салалық мамандардың еміне жіберіледі.

2020-2021 жылдары бөлім қызметкерлері коронавирустық инфекциямен күресті. Башылық тарапынан бөлім функционалды кереуеттермен, кислород концентраттармен, дезинфекциялық заттармен, небұлайзермен қамтамасыз етілді. Қиын-қыстау кезеңде адам жанын арашалаған терапия бөлімінің барша қызметкері өз істеріне шын берілген білгір мамандар екенін тағы да бір дәлелдей білді.

Редакциямызды арнайы іздеп келген Ізбасар ақсақал жергілікті дәрігерлердің еңбегін елеусіз қалдырмау қажетін еске салды. Кезіндегі Жезқазған облысы уақытында облыстық дәріханалар басқармасының бастығы Қабылтай Байсымақовтың еңбегін ауыз толтырып айтқан ол, барша дәрігерлерді кәсіби мерекесімен құттықтады.


Үмітке үміт жалғайтын бірден-бір мамандық илерінің еңбегі қай кезде де елеулі. «Дәрігер – арыстандай айбатты, қыздай икемді, аңадай мейірімді болуы керек» дейді медицинаның атасы Ибн Сина. Мамандықтың машақатын кәсіп иесі ғана шын сезіне алады. Білімі мен білігі ұштасқан маман ғана биікті бағындырып, ел алғысын, ақ батасын иеленеді. Тұрғындар арасында жезқазғандық денсаулық саласы жайлы әр түрлі пікір қалыптасқан бүгінгі уақытта жауапкершілік жүгін абыроймен көтеріп, науқас жанын арашалай білген терапия бөлімінің мамандарымен біз де шын мақтанатынымызды жеткізіміз келеді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.



денсаулық бемі

19 МАУСЫМ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



ДӘРИГЕР КЕҢЕСІ

Ішек инфекциясы – қауіпті індет

Жаз басталысымен ішек инфекциялары жиілейді. Балалар әсіресе жедел ішек инфекцияларына бейім. Аурудың көбеюінің себептері мыналар болуы мүмкін:

- базарларда жидектердің, жемістердің және көкөністердің көбі бар, ал сатушылар көбінесе жергілікті жерде өсірілген тәттілерді жеуді ұсынады;
- адамдар ағынды суды қайнатпай ішеді, ал жазда судағы ауру қоздырғыштарының мөлшері күрт артады;
- санитарлық нормаларға сәйкес келмейтін ашық су айдындарында шомылу. Шомылу кезінде адамдар су жұтады, бұл ауруды тудыруы мүмкін.

Жұқтыру жолдары – тамақ су, байланыс-тұрмыстық арқылы болып сараланады. Ішек инфекцияларымен инфекция әдетте бактериялар мен вирустармен жұқтырған су мен тағамды тұтынумен байланысты. Қоздырғыштар адам ағзасына лас қолмен түсуі мүмкін – ішек инфекциясы лас қолдың ауруы екені белгілі.

Сондай-ақ ішек инфекциясының негізгі белгілері: летаргия, әлсіздік, табеттің төмендеуі, жүрек айнуы, құсу, диарея, іштің ауыруы, безгегі. Орташа алғанда, микробтар ағзаға енген сәттен бастап 6-48 сағат ішінде жағымсыз белгілер пайда болады. Ішек инфекцияларының алдын алу шаралары қарапайым, бірақ жұмыста, үйде, серуенде немесе жағажайда болсын, кез келген ортада міндетті түрде сақталуын талап етеді.

Алдын алу шаралары:

- анықталмаған, шығу тегі белгісіз, ілеспе құжаттары жоқ, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен өнімді сатып алмау;
- үйде тамақ дайындаған кезде шикі және пісірілген тағамдарға бөлек пышақтар мен тақталарды қолданыңыз;
- бір қаптамада термиялық өңдеуге ұшырамайтын шикі тағамдарды және жеуге дайын тағамдарды сақтамаңыз;
- тағамды мұқият термиялық өңдеуден өткізіңіз, әсіресе етке, балыққа, құс етіне, жұмыртқаға қатысты;
- пісірілген тағамды бөлме температурасында екі сағаттан артық қалдырмаңыз, тағамды тоназытқышта ұзақ уақыт сақтамаңыз;
- жемістерді, көкөністерді, жасыл өнімдерді кепілдендірілген сападағы (бөтелкедегі, қайнатылған) сумен мұқият жуу;
- асхана мен тағамды жәндіктер мен кеміргіштерден қорғау;
- тек қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішу.

Жезқазған қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Неміс ойшылы Артур Шопенгауэр «Біздің бақытымыздың оннан тоғыз денсаулығымызға байланысты» дейді. Расында, жанын қоярға жер таппай қиналғанда өміріне араша болып, денсаулығы сыр бергенде емдеп-жазып жатса, науқас үшін бір бақыт емес пе?



Адам өмірі мамандығы бұрылыстар мен құбылыстардан тұратын ақ желеңді абзал жандармен тығыз байланысты. Өмірге Алланың қалауымен келсек, дәрігердің қолымен кіндігіміз кесіліп, анамыз бізді дәрігер көмегімен құшағына алды. Ауру алқымнан алып, дерт дендегенде де әр адам дәрігерден үміт күтеді. Тырп етпестен төсек тартып жатқан жандардың жебеушісі де осы ақ желеңділер.

Орта ғасырдың ұлы ғұламасы Ибн Сина айтпақшы дәрігерлердің үш қаруы бар. Оның бірі – пышақ, екіншісі – шөп, үшіншісі – сөз. Яғни дәрігерлерге артылар жүк те жауапкершілік те ауыр. Олардың ешқайсысы ел басына күн туғанда жұмысын тастап, қара бастың қамын ойлап, тасаға тығылып қалмайды. Алмағайып заманда да, төтенше жағдайда да, зілзала мен тасқында да дәрігерлер адам жанының арашасы болуға даяр. Бұл сөзімізге індет өршіген уақытта ақ желеңділердің тынымсыз еңбек еткені дәлел.

Медицина – сан түрлі сынақтармен сыналатын сала. Бұл мамандықты меңгерген жандарға мұлт кетуге болмайды. Дәрігер өз ісіне кан-

шалықты жауапты әрі сенімді болса, соншалықты адамды ажал аузынан алып қалуға мүмкіндік бар. Оны өмірдің өзі сан мәрте дәлелдеді де...

Десек те, «Дәрігерлер дұрыс қарамайды», «Жедел жәрдем жылдам келмейді», «Мейірбикелер емделушіге жайдары болмайды» деген сыңайлы сындарды көпшілік орында естіп жүрген боларсыз? Тіпті сіз де ашудың ыркына ерік беріп сөзбен сілкіп алған шығарсыз. Бірақ адам жанының арашасы болып жүрген жандардың орнына өзіңізді бір сәт қойып көрдіңіз бе? Әр емделушіні сағат сайын бақылап, әртүрлі диагностикалық жұмыс істеп, көңілін аулауға, ине салып тыныштандыруға, ауруханадан құлан таза айғып кетуіне атсалыса аласыз ба? Сырт көзге қарағанда бір сарынды көрінетін дәрігерлердің жұмысын атқаруға сабырлық бен батылығы жете ме? Бұл сауалдардың жауабын білу үшін бір сәт дәрігерлердің тіршілігін тыныстап көрген дұрыс шығар. Сол сәтте дәрігердің жұмысы жанқиярлық еңбек екенін ұғынармыз.

... Иә, олар сөзсіз өз аңғаттарына адал жандар.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Бүгінде Батыс медицинасының тасы өрге домалап тұр. Алайда, «аурудың өзімен ғана емес, себеп-салдарымен де күресу керек» дегенді алға тарта отырып, табиғи жолмен емдеуге баса мән бере бастаған Шығыс медицинасы да өздерінің озық медициналық тәсілдерімен Батыс елдеріне де дендеп кіре бастады. Қытай, Корей медициналық орталықтары Орта Азияны ғана емес Еуропаны да «аузына қарата» бастады. Бұл қатарды соңғы кездері Тибет медицинасы толықтара түсті.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Бауыр еті – баласы ауырса, кез келген ата-ана жанын қоярға жер таппай бәйек болады. Шарқ ұрып, шиша іздейді, білікті педиатрдың көмегіне жүзінгісі келеді. Ал, жаңа туған нәресте мен тілі былдыр сәбилер шырылдан жылағанда, қай жерінің ауырып тұрғанын дөп басып білу асқан байқампаздық пен жоғары біліктілікті, зор жауапкершілікті қажет етеді. Міне сол, сіз сенің анаң балалар дәрігері оңірде жеткілікті ме? Балаларға көрсетілетін медициналық көмек қолжетімді ме? Осы және өзге де сұрақтарды Ұлытау аудандық ауруханалар бірлестігінің директоры Жұмаиш МҰСАБЕКОВКЕ қойған едік...



– Баласы ауырғанның бәрі балалар дәрігерін іздейді. Ауданда педиатрлар жеткілікті ме?

– Қазіргі таңда елімізде жоғары медициналық оқу орындарында педиатриялық факультеттердің жабылуы салдарынан педиатр мамандарының тапшылығы байқалып отыр. Бұрын балаларға педиатр, ересектерге терапевт медициналық қызмет көрсететін. Денсаулық сақтау саласындағы өзгерістерге сай, егер емханада педиатрлар болса, баланы 6 жасқа дейін солар қарайды. Содан кейін жалпы тәжірибелі дәрігерлердің бақылауында болады. Егер учаскелік емханасында педиатр болмаса, туғаннан бастап 18 жасқа дейін жалпы тәжірибелі дәрігерлерге көрінеді.

Қазіргі таңда біздің аудан орталығында 3 педиатр-маман жұмыс істейді.

– Балалар арасында қандай аурулар жиі кездеседі?

– Балалар арасында жігіт респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ), ангина, ішек инфекциялары, асқазан ішек жолдарының аурулары жиі кездеседі. Бұл жағдайларда балаларда көбіне тыныс жолдары зақымдалып, мұрынның бітелуі, жөтел, дене қызуының көтерілуі сияқты клиникалық белгілер байқалады. Балада осындай белгілер байқалса, ата-ана өзінің учаскелік дәрігерлерімен тығыз байланыста болып, дер кезінде медициналық көмекке жүгінгені жөн. Егер бала су іше алмаса немесе еме алмаса, дене қызуы түспесе, тынысы жиілесе, қиын-даса, нәжісінде қан пайда болса, 2 айлыққа дейінгі баланың алақандары мен табандарында сарғаю болса, емуден бас тартса, міндетті түрде медициналық қызметкерге хабарласу керек.

Жаңа туған нәрестелерге келетін болсақ, әсіресе бір айға дейінгі балаларда сарғаюмен сипатталатын патологиялық жағдайлар жиі кездеседі. Олардың негізгі себебі – құрсақшылдық инфекциялар, оларға цитомегаловирусты инфекция, жай герпес вирусы, хламидиоздар және тағы басқалары жатады. Бұл инфекциялар анасынан құрсақтағы балаға беріліп, патологиялық жағдай әлі тумалы балада басталады. Тіпті бұл инфекциялар кей баланың әртүрлі туа бітті аурулармен дүние есігін ашуына әкелуі мүмкін. Кейбіреуіне тұмай жатып бірнеше ауру жамалады. Мұндай жағдайлардың

алдын алу үшін ең әуелі отбасын жоспарлау, ауырғанда дер кезінде уақыт өткізбей медициналық көмекке жүгіну, үй жағдайында балаға қажетті күтімді ұйымдастыру қажет.

– Сонда нәрестелер арасында туа бітті аурулар көп пе?

– Өкінішке орай мұндай жағдайлар да кездеседі. Бұл негізін экологиялық жағдайға байланысты болады. Мұндай сырқатқа шалдыққан сәбилер Қарсақбай, Байқоңыр, Қарақұм өңірлерінде бар екенін жасыруға болмас.

Жүктілік кезінде туа бітті дерт көбіне ультрандыбысты тексеру кезінде анықталады. Ондай кезде жүкті әйел генетик маманның кеңесіне жолданады. Соңғы кезде әйелдердің генетикке барудан бас тартуы немесе баланың мүгедектігіне әкелетін ақаулардың бар екенін біле тұра жүктілікті үзуден бас тартуы көбейді. Әрине, әр шаңырақта бебеу болғаны жақсы, дегенмен бірнеше ақаумен туған баланың әрі қарай өмірі қандай болмақ?..

– Бала тапсыратын талдаулардың бәрі (анализ) тегін бе?

– Бала туғаннан бастап 18 жасқа дейінгі кезеңде қажеттілігіне қарай кез келген талдау түрін ақысыз тапсыра алады. Ол үшін тіркелген медициналық мекемесіне барып, учаскелік дәрігерінен жолдама алса жеткілікті. Егер учаскелік емханаңызда талдаудың қажет түрі жасалмаса, мекеме талдау жасалатын басқа зертханамен келісім-шартқа тұрып, жолдама беруге тиісті. Біздің ауданда «Инвиво», «Олимпек» керек анализдерге педиатр жолдама береді.

– Баланың тісі ауырса, қай жерге апаруға болады? Облысымызда тегін тіс емханасы бар ма?

– Биылғы жылға аудан орталығына стоматолог маманын ежелу жоспарланып отыр. Жалпы, баланың тісі ауырса педиатр Жезқазған қаласындағы «Асия» стоматологиясына жолдама беріп жібереді.

– Балалар арасындағы қандай ауруларды емдеуге квота бөлініп отыр?

– Аурудың асқынған түрлерін (неврологиялық, хирургиялық) емдеуге, ота жасауға Нұр-Сұлтан, Қарағанды қаласының емдеу орталықтарына квоталар беріледі.

– Балалар қазір түрлі гаджеттерге үйіліп, уақытында

тамақ ішпейді. Фаст-фуд жейтіні тағы бар. Баланы дұрыс тамақтандыруға қатысты не айтар едіңіз?

– Иә, бұл үлкен мәселе. «Ауру – астан» дейді ғой. Дұрыс тамақтанған адам жиі ауырмайды. Қазір көп ата-ана балаларының тамақ ішпейтінін айтып шағымданады. Соған қарағанда бүгінде бір дастарқан басында отырып, бірге тамақтанатын отбасылық дәстүр де қалып бара жатқанға ұқсайды. Меніңше, балаға тиімді күн тәртібін белгілеуді ерте жастан үйреткен абзал. Мәселен, бала уақытында отбасымен бір үстелдің басында жиналып, тамақтануы тиіс. Осының барлығы балаға кішкентай кезінде отбасы мүшелерінің үлгісі негізінде көрсетіледі, өсе келе ол уақыты тамақтанатын болады. Әрі бұл денсаулығына, дамуына оң әсер етеді.

Уақытында тамақ ішпеу, фаст-фудтарға әуес болу әр түрлі ауруларды тудырады. Асқазанның қабынуы, ішек жолдарының ауруы, анемия, темір жетіспеушілік, түрлі аллергиялық аурулар дұрыс тамақтанбаудың кесірінен болып жатады.

Негізі, смартфонды көп ұстау сабиге өте зиян. Әсіресе гаджеттер жүйке жүйесінің сезімталдығын жоғарылатып, баланы агрессивті етеді. Сондықтан балаға «болмайды» деген тыйым сөзді тілі шықпай жатып түсіндірген абзал.

Осындай алғышарттарды жүзеге асыру мақсатында аудандық орталық ауруханада балаларға медициналық, консультативтік көмек көрсету үшін сау балалар мектебі ашылған. Онда балаларды дұрыс тамақтану жөнінде дәрігерлік ақыл кеңес беріліп отырады. Ата-аналарға түсініктемесі жұмыстары жүргізіледі.

– Балалар жылына орай бала денсаулығына қатысты ауданда қандай да бір ишаралар жоспарланған ба?

– Әрине, бар. Түрлі сырқаттардың алдын алуға қатысты акциялар өткізу жоспарланған. Іргелес жатқан қалалардан мамандар келіп, балаларды қарап, кеңестер беріп отырады. Балалар күні қарсаңында «Ашық есік күні» акциясын өткіздік. Мұндай шаралар әлі жалғасын табатын болады. Жаңадан құрылып жатқан Ұлытау облысының денсаулық сақтау басқармасы тарапынан да әртүрлі қолдаулар болады деп күтеміз.

– Әңгімеңізге рахмет!

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНАСЫ

қара емнің қалқасында қалып қойған жоқ па?

Бұның бәрі де қазіргі қоғамның, адамның сұранысынан туындап отыр. Өйткені, түрлі химикаттан адамның ағзасын қойып, табиғаттың өзінің зардап шегіп жатқаны туралы сол Батыс елі дабыл қағуда. Осыны басты назарда ұстаған қытай мен кәріс елдері табиғи жолмен емдеуді ұран ете отырып, өздерінің медициналық туризмін қалыптастырып үлгерді. Соның арқасында ұлттық медицинасын жаппай дамытуға бағыт алды. Солардың қатарында қазқтың да ұлттық медицинасы тұруы керек еді. Өкінішке орай, Тәуелсіздіктің осы 30 жылында «қазақ медицинасы қандай деңгейде?» деп емес, «ол өзі қайда?» деп іздейтіндей халдеміз.

Біздің халықтық ем ертеден қалыптасқан, бірақ оны қара ем деп бұрмалап, халықтың санасына сіңіріп тастаған. Қазір халық қара ем мен қазақ емшілігін ажырата алмайды. Қазақ мәдениет пен әдебиет қана емес, түрлі ғылым саласының да түп негізі бар. Оны зерттеп-зерделейтін мүмкіндік осыған дейін болған жоқ. Енді туды. Зерттеп, дамытсақ та

кеш қалған жоқпыз, – дейді дәрігер Рашат Құсыманұлы.

Қара ем десе, көз алдына бірде тұтанған қара киіз немесе адыраспан, тіпті болмаса маймен сылау, одан әрі қалампыр салынған сумен ұшықтаудың келетіні анық. Бұл – көбінесе дүгемен емдеу. Онда «көз тиді» дейтін шаманизм түсінігінен қалған ем-домдарды жасайды. Бұнда адам денесін тітіркендіру арқылы ауруға қарсылықты оятуға тырысу басым. Ол көп жағдайда сәтсіздікке әкеледі. Өйткені, онда ғылымилық жоқ, наным-сенім ғана.

Ал қазақ ұлттық емшілігі дегеніміз дәстүрлі медицина саласы. Онда нақты диагноз қою мен емдеудің түрлі жолдары қалыптасқан. Енді осы саланы тереңнен зерттеп, Батыстың озық емдеуімен ұштастырсақ, біздегі медицина саласы бұданда жоғары дами түсері анық екенін Рашат Құсыманұлы атап айтты.

(Жалғасы бар).

# ЖЕЗҚАЗҒАН ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛҒАНДА ТАЛАЙДЫҢ БАҚЫТЫ ЖАНДЫ. СОНЫҢ БІРІМІН!



*Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болғаны жайлы хабарға өте қатты қуанған жанның бірі менмін. Сыр өңірінде туып-өсем де, осы Жезқазған жерінде бар саналы ғұмырым өтті. Кезінде Жезқазған облысы құрылып бақыты ашылған азаматтың бірімін. Қатардағы милиционер болып бастап, облыстық ішкі істер басқармасының бастығының бірінші орынбасарына дейін мені жеткізген осы Жезқазғанның топырағы. Осы киелі жерге келгеніме биыл 60 жыл толады, жалғыз басты жас жегіт болып келіп, бұл жерде мен бар бақытымды таптым. Жар таптым, үш перзент сүйдім, бүгінгі таңда шөбере тәрбиелеп отырған жанмын. Құдайға шүкір деймін.*

қатарындағы кадрлық ауыс түйістерді Мейрам Базылбеков замандасым жақсы біледі. Біраз азаматтар атқа мінді, бірақ басым көпшілігі Қарағандыдан келді. Облыс құрылғаннан кейін, жеті жылдан соң 1980 жылы Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасының бастығы генерал Мұрат Құрманович Құрманов маған үлкен сенім білдіріп, Сәтбаев қаласына милиция бастығы етіп тағайындады. Қандай қызмет атқарсам да ойдағыдай болуын қалайтын басым, Сәтбаев қаласының милиция бөлімін екі-үш жылда облыстағы алдыңғы қатарлы бөлімдердің қатарына жеткіздім. Ол кезде материалдық жағдай маз болмайтын. Мен барғанымда қалалық милицияда бір ғана «ГАЗ-51» автокөлік қана бар екен. Тез арада қала басшыларының, рудниктегі өндіріс басшыларының қолдауымен бірнеше автокөлік алдырдым. Содан да болар абыройсыз болғанымыз жоқ. Қалалық атқару комитетінің төрағасы Мұзараф Аханов ағай көп қолдау көрсетті.

Уақыт деген тез зымпырайды ғой. Сәтбаев қаласының милиция бастығы болып қызмет атқарғаным бес жыл болып қалған кез болатын. «Облыстық ішкі істер басқармасының бастығы генерал Рүстем Есімханұлы Қайдаров шақырып жатыр» деген соң бардым. Ол кісі менің қызметіме риза екенін айтып, бірақ обкомның хатшысы заң шеңберінде орнымды ауыстыру керектігін айтты деді. Бірнеше ауданның милиция бастығы қызметтерін айтты. Мен қарсылық көрсеттім. Айтқаным балалар өсіп қалды, облыс орталығында оқыса деген ойымды білдірдім. Ол кісі мені тыңдап, сөзімді құптады. «Әрине, қалада өсіп-өнген балаға ауылдық жерге барған қиын ғой, оқу деңгейі де өзгеше, оның ойға қонады» деді. Рүстем Есімханович менімен түлейдей құрлас еді. Достығымыз ол кісі марқұм болғанша үзілген жоқ. Өте іскер, дарынды басшы болды. Арада екі ай өте маған облыстық күзет басқармасының басшысы бол деген ұсыныс айтты. Бұл 1986 жыл болатын. Өмірі бұл қызметте істемеген, қалай болады екен деген ой келсе де аман жөке келістім. Облыс орталығында шағын аппараты бар, бірақ барлық аудандар мен қалаларда бөлімшелері бар екен. Бұл қызметте аға маман болып жұмыс істеп жүрген Мұрат Қазамбаев деген жігіт бірден көзіме түсті. Өте алғыр, бұл саланы толық меңгергенін байқадым. Ол кезде басшы қазақ болса, орынбасары міндетті түрде басқа ұлт болуы керек болатын. Орынбасарым поляк жігіті болса да, Мұрат менің оң қолым болды. Кейін күзет бөлімі басқарма болғанда Мұратты өзіме орынбасар етіп алдым. Қалада күзет қызметінің техникалық қондырғыларының жаңа түрлері болса да, аудандарда еш өзгеріссіз баяғы ескі тәсілдер қолданылады екен. Арада үш-төрт жыл өте, бұған дейін соңғы орындарда болған Жезқазған облысы республика бойынша алдыңғы қатарға қосылды. Республика басшылығы менің ұсыныстарымды қолдады, ол үшін республикалық күзет қызметінің басшысы марқұм генерал Өтеген Бұтақбаевқа алғыстан басқа айтарым жоқ. Жалпы менің өмір жолымда өте жақсы басшыларым болды. Өтеген Бұтақбаев басшылық жасаған кезеңде көп нәрсені сол кісіден үйрендім. Асықпайтын, бар жұмысқа байыппен қарайтын жан еді. Рүстем Есімханович Қайдаров республика көлемінде танымал азамат болды. Ол кісі өте іскер болатын, шаршау дегенді білмейтін. Мықты заңгер бола тұра, құрылыс болсын, финан жағы болсын бар саладан хабарлар болатын. Министрдің бірінші орынбасары қызметінен зейнетке шыққан соң, Қазақстан Республикасының генералдар кеңесін құрды да талай жылдар басқарды. Өткен, ұшақ апатынан қайтыс болды. Токсаныншы жылдары облыс бойынша дабыл қондырғылар орнатылған нысандар саны 95 пайызға жетті. Өз басым ізденісті жақсы көретінмін, соның арқасында бұл қызметті бір адамдай игеріп алдым. Жезқазған облысының күзет бөлімі, басқарма болды. Аппарат саны елуден асты. Бірақ, егемендік келген жылдары, нарықтық экономикаға көшу кезінде күзет қызметі үлкен дағдарысқа ұшырады. Дегенмен біздің облыс бұған төтеп бере алды. Мен 1995 жылы Жезқазған облысының ішкі істер басқармасының басшысының бірінші орынбасары болып тағайындалғанымда орныма Мұрат Қазамбаевты ұсындым. 1997 жылы облыс жабылуына бір ай қалғанда мен зейнеткер атандым. 57 жастағы адамға үйде отыру қиын ғой, оның үстіне мендей үнемі жанашылдық іздейтін адамға мүлдем мүмкін емес екен. Әр түрлі ойлар келді, көптеген ұсыныстар да болды. Бірі «дүкен аш» деді, бірі «түсті металл жинайтын орынды көр» деді, бәрін көрдім. Сонда да болса ойым күзет қызметінің маңайында монтаждық мекеме ашу болды. Көп ұзамай Мұрат Қазамбаев маған жеке тұлғаның күзет қызметінің республика көлемінде ашылып жатқанын айтты. Ол маған туған інімдей болып кеткен азамат еді. «Оазис» кәсіпорнының ашуыма, оның аяққа тұрып кетуіне көп көмек берді. Күзет қызметінде он жылдан артық істеген тәжірибемнің арасында тез арада «Оазис» корпоративі екі қаладағы күзет мекемелерінің алдыңғы қатарынан орын алды. Бұл кезде Мұрат «Күзет» акционерлік қоғамының аймақтық филиал басшысы болатын. Артынан ол да зейнетке шығып, «Қорғау» күзет қызметін ашты, сол уақытта да біз жаңа радио жүйесімен жұмыс істейтін қондырғыларға көшкен кезде де, ол көп қолдау көрсетті. Қызмет барысында неше түрлі түсінбеушілік те болатын белгілі ғой. Бірақ бәрі артта қалып, бүгінгі күні біздің екі мекеме қоян қолтық, тату тәтті бірге жұмыс жасап жатыр. Біз сол жағы ағалы індей үлкендікпен үйдеміз. Ал екі кәсіпорында балаларымыз қызмет атқарып жатыр.

Биыл 25 жыл бұрын қысқарған облыс орталығы қайтадан оралып жатыр, менің киелі Жезқазған жеріне келгеніме – 60 жыл. Қазақстан Республикасының полициясына 30 жыл тоlsa, күзет қызметіне 70 жыл толады екен. Қандай үйлесімді жылдар десенші. Бұл жылдары тағдыр мені көптеген жақсы азаматтармен кездестірді, дос еткізді. Менің бойымдағы кейбір жақсы қасиеттер сол жандармен ағалы індей етті, достығымызды сақтапты. Үзеңгелес досым елге танымал азамат генерал Еркін Рысқанұлы Белғұжановпен кейінгі жылдары көп кездеспесек те, ауырып қалдың ғой деп кешегі күні телефон шалып жатыр. Бірге қызмет жасаған азаматтардың ішінде жоғарғыда айтқандардан басқа аудан мен қалаларда Бейбіт Сәдуақасов, Мұқан Балапанов, Ибрагим Жерденов, Айдын Мұхамедин, Шайкән Алғожин, Алексей Құрмышов, Амантай Бутеев, Халық Аяшбеков, Ғайыпбек Ибраев, Базыл Аманжолов, Сайлау Әбеуов, Николай Селин, Нұрлан Жақыпбеков облыс орталығында Қарпық Зейнеғабдин, Мейрамбай Айтжанов, Әлібек Қасымов, Үсейін Ахметов, Салкен Канапия, Талғат Бертаев, т.б. азаматтардың еңбегін атап өткім келеді. Өмір деген аққан өзендей сығғып жатыр. Келгенім кеше ғана секілді, ал енді сол кездегі 22 жастағы жас жігіт, бүгінгі күні 82-ге келген қария болып отырмын. Мен өзімді бақытты жанмын деп есептеймін. Себебі Алла Тағала маған осындай өмір сыйлағанына, осы жерге тағдырымды байлағанына. Мен зейнеткерлікке шыққанда жабылған облыс қайтадан ашылды, оған куә болып отырмыз, енді алдағы уақытта осы жердегі талай азаматтардың бағы жанатынына сенімім мол. Жаңа ашылған Ұлытау облысы құтты болсын!

**Қ. УРАКОВ,**  
Жезқазған қаласының Құрметті азаматы,  
отставкадағы полиция полковнигі.

*Аядай ғана Жезқазған медицинасының жай-күйі кім-кімді де алаңдатады. Білікті дәрігер мамандар тапшылығы бірден байқалатын қаланың облыс орталығы болуына орай аталан олқылықтың орны толады деген үмітіміз бары да жасырын емес. Заманауи ем мен технологияларды меңгерген жас мамандар тәжірибесі толықтан аға буын өкілдерінің жол сілтеуімен Ұлытау облысы медицинасының сапасын арттырына сенеміз.*

## Жылы жүрек иесі

*Мысты шаһарда мамандығына адал, кәсібіне риясыз беріліп, өсіп-өнген өлкесінің дамуына атсалысудан танбай келе жатқан ақ халаттылар аз емес. Солардың ішінде терапевт-дәрігер Сейткамал ЛИЯСОВТЫҢ бәсі биік.*



1953 жылы Жезді ауданы, Сарысу елді-мекенінде дүниеге келген кейіпкеріміз кінді қаны тамған жердегі мектепті 1971 жылы тәмамдады. Араға бір жыл салып Қарағанды мемлекеттік медицина институтына оқуға түседі. Бала күнінен бір баласы дәрігер болып, адамдарды емдесе екен деген ата-ана тілегін орындауға ұмтылған Сейткамал аға қалайда мамандығының қыр-сырын жіті меңгеріп, мықты маман атануға бар күш-жігерін салады. Оқуын ойдағыдай аяқтаған ол алғаш еңбек жолын бүгінде өзі қызмет ететін аурухана қалашығынан бастады. Осы арада бір жыл интернатурадан өтті. 1979 жылы Қарсақбай кентіне барып, емдеу ісі бойынша жұмысқа орналасты. Жас отбасылы дәрігер жарының оқуы қалада болуына байланысты бұл жерде бір жылдан артық тұрақтай алмады. Осылайша Жезқазғанға көшіп келді. Оның осы өлкеге оралуымен дәрігерлік мансабы сәтті жалғасын тапты. Бұл жолда маңдай тері де аз төгілмеген еді.

Сүйікті қаласына оралған Сейткамал Лиясов алғашында жедел-жәрдем станциясына шақырту бойынша дәрігер болып жұмысқа тұрды. Араға бірнеше ай салып, бас дәрігер Совет Махатовтың ұсынуымен емдеу ісі бойынша орынбасар қызметіне ауысты. Осы сәт мысты шаһар халқының саны 110 мыңды алқымдаған тұс еді. 10 мың адам басына бір жедел-жәрдемнен пост жасқалды. Олардың жұмысын жүйелеу Сейткамал дәрігердің мойнына жүктелді.

1986 жылдың күзінен бастап жан сақтау бригадасында да еңбек етті. Одан әрі жан сақтау бөлімінде реаниматолог-анестезиолог болып адам өмірін сақтап қалу үшін күресті. 1986 жылы қалада ішімдікке салынғандарды мәжбүрлі түрде бейімдеу орталығы ашылды. Сейткамал Лиясов аталған мекеменің емдеу ісі бойынша орынбасары болды. Жезқазған облысы жабылған кезде бұл орталық та жұмысын тоқтатты. Осы кезеңде кейіпкеріміз Сәтбаев қаласындағы туберкулезге қарсы диспансердің бас дәрігері болды. Кейіннен Жезқазған қалалық емханасына ауысып, емдеу сапасына жауапты орынбасар міндетін мойнына алды.

Бүгінде аурухана қалашығындағы барлық консультативті-диагностикалық орталық, ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығы, норкология, «Ана мен бала» т.б барлық ғимараттар

күрделі жөндеуден өтіп, жаңаша келбетке жұмыс істеуде. Бұған Сейткамал Лиясовтың қосқан үлесі өте зор. 2017 жылы сол кездегі Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошановтың Жезқазғанға алғашқы сапары аурухана қалашығынан басталған еді. Жас күнінен бері қалашық жұмысынан хабардар Ерлан Қошанов дәрігерлермен пікірлесіп, ұсыныстарын тыңдады. Осы тұста барлық мамандардың іргетасы қаланғалы жөндеу көрмеген емхана ғимаратында тығалысып жұмыс істеуге мәжбүр екенін айтқан бір топ ақ халаттылар ҚДО ғимаратын сұрады. Бастама бірден құпталды. Осылайша бюджеттен қаржы бөлініп, қалашық ғимараттары жаңа кейіпке енді. Сырттан мамандар тартылып, томограф, маммограф, рентген, УЗИ, лор-комбайн сынды құрылғылар алынды. Жылы, қорықпайтын жөндеу. Абағандыру жұмыстары да жүргізіліп, қалашықта дәрігерлер аллесаы пайда болды. Осының барлығы Мұрат Әбсалықов пен Сейткамал Лиясовтың келісіп пішуімен жүзеге асты. Өзінің еңбек жолын бастаған қарашаның күйретпей, жаңа кейіпке енгізген Сейткамал Лиясов бұл еңбегі үшін жүрегінен шексіз мақтаныш сезімі кернейтін жасырмады.

Қалада тапшы мамандарды ірі қалалардағы ЖОО-на жіберіп оқыту жобасында да Сейткамал ағаның үлесі мол. Бірер жылда бұл мамандар оқуларын аяқтап Жезқазған тұрғындарына қызмет көрсететін болады.

Ол аймақтың денсаулық сақтау саласына қосқан өлшеусіз үлесі үшін 2012 жылы «Денсаулық сақтау саласының үздігі», 2019 жылы «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен марапатталды. Зейнет жасына шықса да ҚДО-да терапевт болып, тұрғындар денсаулығына жауапты Сейткамал Лиясов 2 қыз тәрбиеліп, құтты орындарына қондырды. Олардан 7 жиен сүйді.

«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген хакім Абайдың сөздері адамзатқа жақсылық жасап, алдына келген науқастан мейірімін аямаған Сейткамал Лиясовқа арнап айтылғандай. Зейнет жасына жетсе де емдеу саласынан қол үзбеген дәрігер ізін жалғанған іні-қарындастарына ақыл-кеңесін айтып, жол көрсетіп отырады. Гиппократ анттына адал дәрігерге біз де денінің саулығын тілейміз.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН.**



**Заря ЖҰМАНОВА – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Екіге бөлінбейтін келішек», «Түнгі оттар», «Сіз іздеген әлем», «Ақбота», «Запах дождя», «Күләйша, Рокфеллер және басқалар» атты прозалық кітаптардың авторы, Сорос заманауи өнер орталығы жабық әдеби бәйгесінің, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы жариялаған конкурстың, халықаралық «Дарабоз» әдеби байқауының, республикалық «Алтын қалам» тәуелсіз әдеби бәйгесінің, тағы басқа да бірнеше әдеби сайыстардың жүлдегері. Жезқазған облысының дүрілдеп тұрған кезінде жазушы әрі тележурналист ретінде кеңінен танымал болған Заря бүгінде еліміздің әдебиет әлеміне әйгілі тұлға. Шығармашылыққа қадам басқан жастарға үнсіз ұстаз болсын деген ниетпен шығармаларын газет бетіне жариялап тұруды жөн көрдік.**



Кісі аяғы басылғасын, Айсәуле аумағы ат шаптырым кітапхананың еденін жуып жүрген. Маңдайынан сорғалаған ащы терін сүртуге мұршасы келмей. Кенет телефоны шырылдап қоя бергені. Жұдырықтай жүрегі абайсызда аузынан шығып кете жаздасын. Шіркіннің өрекупін қайтерсің. Торға түскен торғай секілді. Беймезгіл шақта қоныраулапқан Болат екен. Терең күрсініп алды да, аз-кем үнсіздіктен соң:

– Үйді сағынып жүрмін, – десін.

Үні біртүрлі қамығып шықты:

– Мені алып кетші!

Одан бұндай сөзді мүлде күтпеген. Айсәуле телефон тұтқасын тастай салып, дереу су толы шелегіне жармасты. Қолы – істе, ал іші – аласапыран ақ боран...

Бір ойы: «Бір рет опасыздық істеген адамға сенуге бола ма?», – деп кірпінің түгіндей тікелей-се, екінші ойы: «Адаспаймын дегенді тұман адастырады, шатаспаймын дегенді шайтан шатастырады. Адам шайтанына кезіккен шығар» деп екі араға алтын көпір салып әлек...

«Қайдағы шайтан? Өзі сұлу, өзі жас, бизнес-леді оның басына қонған бақыт құсы емес пе!» деп бір ойы жүрегіне қанжардай қалса, «Барған жерінен бақыт тапса, бүгін саған хабарласар ма еді?» деп тағы бір ой жаралы жүрегінің сорғалаған қанын сүртеді.

Бақыт демекші... Бұрын қасында ол барда, Айсәуле өзін әлемдегі ең бақытты жан санайтын. «Жетімбұршы» жағалап, қаланың әр жерінде сығандар құсап көшіп-қонып жүрсе де... Қызық! Ең алғаш бала кезінде өзінен бұрын суретін көрген. Көзін ты-ы-м алысқа қадап, қаламын тістелеп, ойға шомған кейіпін... Өке-шешеден жастай айырылған қайсар қараның қалай ақын-жазушылар қатарына қосылғанын «жыр мен жұмбақ қыл» айтушылар ауылда аз емес. (Өзіндей балалар жазғы демалыста ауылда ас ішіп, аяқ босатып, ертелі-кеш құр босқа көше кезіп жүргенде, ол жалаң аяғымен балшық сөзіп, ағаш қалыппен кірпіш бастырыпты. Жол пұлын өзі тауып, университетке түсіпті. Ешкімге алақан жаймастан...)

Сол кеткеннен мол кетіп, алып шаһарға судай сіңіп, тастай батқан, даңқы мен дақпыртына сырттай қанық «аңыз-ағамен» Айсәуле астанада жүздесті. Оқуға тырнағы ілінбей, ауылға қайтуға намыстанып, даяшы боп жүрген. У-шудан аулақ, оқшау көшелердің біріндегі шағын кафеге бір күні Болат бас сұқты. Бала кезден таныс бейне көзіне оттай басылсын. Жүрегі лүпілдеп, ең қаладан ең жақын адаммен көргендей қатты қуанды.

– Болат аға, – деді, жатырмай, жанына жетіп барып. Қолындағы ас мәзірі жазылған түрлі-түсті қатырма қағазға үңіліп отыр екен. «Құдай-ау, мынау қаршадай қыз мені қайдан біледі?» дегендей, ол да аң-тан. Ойлы жанары тым мұңды ма қалай?! Өмірінде тірі жазушыны жақыннан бір көрмеген ауыл қызына бәрі қызық, бәрі таңсық.

– Мені қайдан танысың? Кітабымды оқыдың ба?

Ол тіпті жалған сыпайлық үшін «сіз» деп сызылмастан, бірден «сенге» басты. Айсәуленің ойынша, туған қарындасындай өзімісіне, батыл сөйлеуі, өзінен жасы үлкен жігітке бек жарасымды еді. Қыз да қысылып-қымтырылмай шынын айтты:

– Суретіңізді бала кезден көріп жүрміз ғой. «Мектеп түлектері» деген бұрышта ілулі тұратын.

– Е...Атшөңқайдан келген екенсің ғой. Былтыр оқуға түсе алмадың. Биыл тағы бағынды сынап көресің, – деді Айсәуленің бетіне зер сала қарап. Тап бір көріпкел, балгер сияқты. Тура ойын оқып қойғандай:

– Экономфақ, юрфақты қайтесің? Одан да кітапханашының оқуына түс. Жаңа шыққан жақсы кітаптарды жұрттан бұрын оқисың, – деді. Оның ақыл-кеңесін бұлжымас заң деп ұқты ма, қыз үнсіз бас ізеді.

Аузы дуалы ауылдас аға анда-санда ғана төбе көрсететін. Біраз уақыт көрінбей кетсе, сағына күтіп жүретін. Балауса қыздың таңғы шықтай таза пейіліне тәнті болды ма, жоқ әлде, жанын түсінетін жанаңдағы ең жақын адамы кезіккеніне анық көзі жетті ме:

– Айсәуле, жақсылап, оқуға дайындал. Мен кітабымды аяқтайын. Баспадан қомақты қаламақы

алғасын, әке-шешенің алдынан өтейік күзде, – деді Болат кесіп-пішкен үнмен. «Сүйем-күйем» демеді. Айсәуле институтқа түскен бойда, екеуі ауылға барған. Үлкендердің ақ батасын алмақ боп. «Бесіктен бөліп шыққан жоқ. Өмір көрген ересек жігіттің етегінен ұстауға неге асықтын?», – деп анасы көз жасын көлдетті. «Құда деп төс қағыстырып, құрметпен төрге шығарар ешкімі жоқ тұлдыр жетімге желімдей жабысқаның не?!» – деп әкесі томсырайды...

Сауық-сайран, той-думансыз неке қидырды. Сүйріктей сәулелері дір-дір ете, желдің өтінде тұрған балауыз қос шырақ құсап, екеуі бір-біріне сүйену күн кешті. Айсәуле кітапханаға қызметке тұрды. Бірінің артынан бірі сәбилер өмір есігін ашты. Болат Жазушылар одағынан жайлы пәтер алды. Алдарынан қандай тағдыр тартуы күтіп тұрғанын қайдан білсін?!

Айсәуле жан мұздатар суық хабарды алғаш естігенде, біреу алмас қылышпен қабырғасын қақырата сөгіп, денесін қатқыландырып алды. Көпке дейін есенгіреп, ес жия алмады. Талай түн кірпік ілмеді. Сан сауалға жауап таппай аласұрды. Тірліктің ащысын да, тұщысын да талай жыл бірге татқан жан жарын жамандыққа қия алмады. Бар кізін өзінен іздеді. Өмірі оның бетіне бір жел боп тимесе де...

Болат – үй маңында қызық шұқитын қораз емес, сон-а-ау заңғар биікте самғау үшін жаралған ақиық қыран еді ғой. Бірақ... Күллі дүниені бір тарының қауызына сыйғызып өтпелі кезеңде қол-жазбасын сандыққа салып, қызыл қарын жас бала мен кара қазан қамы үшін не істемеді ол. Ой, Алла-ай, басқа тартқан көрпесі аяққа жетпей, жігері құм боп жүрген кісіге де біреу өлердей ғашық болады екен-ау?! Оның талантына табынып, алтын басын жоғары бағалайтын, ең бастысы, алаңсыз кітап жазуына жағдай туғызатын қалтасы қалың «қалыңдықтың» кезігуі – тағдырдың «тосынсығай» екенін әлі оң-солын тани қоймаған ұл-қыздарына қалай түсіндірсе екен. Сезімтал жүректерін ауыртпай, нәп-нәзік жандарын жарамай.

Өз қолымен көтерген шаңырағын ортаға түсіріп, жылы ұясынан кеткелі жатқан Болат емес, өзі құсап Айсәуленің басы қатты. «Қанаттары қатып, бұғаналары бекігесін балалар ақиқатты біле жатар. Ал қазір, Алла, өзің кеше гөр алдағандымыз», – деп іштей сыйында да, төрт көздері түгел кешкі асқа жиналғанда:

– Өкелеріңнің үй-күйсіз қаңғып жүрген бомждар туралы әңгімесі бар. Соны жазарда біраз уақыт үй бетін көрмеді. Сыз жертөлелерге солармен бірге түнеп, тұрмыс-тіршіліктің егжей-тегжейлі зерттеген. Сендер онда кішкентай едіңдер... Естеріңде жоқ шығар. Содан соң маскүнемдер мен нашақорлар жайлы жазды, – деп бір әңгіменің шетін қылтитып еді, тұңғыш қызы іліп әкетті:

– Иә, оны жазғаны есімде. Тіпті маскүнемдер мен нашақорларды емдейтін жерге жатып шығып еді ғой. Бас дәрігермен келісіп...

– Иә, не жазса да, өз көзімен көріп, өзі әбден зерттеп барып жазатыны рас. Енді осы заманның «жаңа байлары» туралы үлкен бір дүние жазғалы жүр, – деді Айсәуле байыпты үнмен.

– Мәссаған! Енді олигархтармен бірге жүріп, бірге тұра ма?

– Сонда қалай? Олардың үйін күзете ме? Әлде көлігін жүргізе ме?

– Ұзақ бола ма? Үйге қашан келеді? – деп үшеуі сұрақты қарша боратсын.

– Алдағыны Алла біледі... Ертеңнен бастап, өз күнімізді өзіміз көреміз. Ешқайсың оны мазалап, телефон шалмайсыңдар, – деді түсін суыта, қадап тұрып. Сол күннен бастап тас маңдайына жазылған тағдырына өзі де мойынсұна бастаған...

Енді бұғиң аяқ астынан телефон шалып, жас бала құсап: «Мені алып кеті» несі-ей Оның?! Айсәуле әрі ойлап, бері ойлап, ақыры өкпе-ренішін ақылға жеңдіріп, бармаққа бел буды. «Арқа жайлы болмаса, арқар ауып несі бар»... Мекен-жайын өзінен сұрап білді де, жұмыстан шыға сап, такси ұстады.

Қарағай, шыршасы аралас, хош иісі танау қытықтайтын тау етегіндегі ертегідей қалашыққа енген бойда, басқа галактикаға тап болғандай күй кешті. Студент кезінде курстарымен бірге осы

маңнан алма теріп еді. Бұл жаққа аяқ баспағалы қай заман!.. Кинолардан ғана көретін зәулім сарайлар көздің жауын алады. Құдай-ау, өңі ме, түсі ме? Не деген керемет! Бұндай үйлерде тұратын адамдардың еш арманы жоқ шығар!.. Тамсана таңдай қағып, қызығып қарай берді.

– Алай, келдік, түсіңіз! – деп, таксист айтқанда барып, «шырт ұйқыдан» ояңды. «Ұят-ай! Бекер келдім бе? Қазір анау әйелге не деймін? Мен де қызықпын, өзімді тастап кеткен еркектің сөзін жерге тастамай жетіп келгенім қалай?!» деп өзіне-өзі ренжіп тұрып, қақпаны қатты-қатты ұрып жіберген екен. Темір шынжырлар салдырлап, жан-жақтан иттер абалап, темір қақпаның ар жағынан ашулы күзетші атып шықты. Сау болғыр, Болаттың да дер кезінде шыға келгені мұндай жақсы болар ма. Оған ілесе алтын сары шашын тас төбесіне түйген аппақ келіншек те сыртқы есіктен басын қылтитты. Бұны көре сала:

– Ой, это вы?! Проходите, проходите! – деп құрақ ұшсын. Сірә, бұрын сыртынан көрсе керек. Ішке аяқ басқаннан-ақ, асылған сүр еттің табет оятар дәмді иісі танау қытықтап қоя берсін. Күні бойы нәр татпағаны Айсәуленің есіне енді түсті. Болат есік жақты көзбен нұсқап «кетейік!» деп ұмдап әлек.

– Давайте, сядем за стол, а то еда остынет! – деп, ақсары келіншек, бұның ойлануына мұрша берместен, белін бұраңдатып, ас үйге бастады. Тап бір бұның келуін күтіп, екеуі ас ішпей отырған сияқты. Жарқыраған шамдар, былқылдаған кілем, қымбат жиһаздар. Дәмге толы ақ дастархан. Сынысп тұрған әдемі ыдыс-аяқ. Айсәуле көз тоқтатып қайда қарарын білмеді. Тіпті бет-әлпеті сұстылау болғанымен, сырт сымбаты келісті, сұңғақ бойлы Болат та осынау салтанатты сарайдың бір бөлшегі іспетті. Олқы жерін толықтырып, сәніне сән қосып тұрғандай. Қасы-көзіне қап-қара татуаж жасатқан қуыршақтай әйел:

– Ну, как балдар? У вас все нормально? – деді Айсәуленің алдындағы жұп-жұқа фарфордан жасалған, алтын жиекті, жайпақ ыдысқа қиялай тілінген майлы қазы-қартадан салып жатып. Сірә, бұның беймезгіл келісін – балаларға керек боп, ақша сұрай келдіге жорыса керек.

– Шүкір, жаман емес, – деді Айсәуле құрт қатқан майлы сорпаны салмағы зілдей, сабы ұзын күміс қасықпен асықпай былғап отырып. Болат: «Бол, тездетіп, кетейік!» дегендей үстел астынан қайта-қайта аяғын басып. Бетіне зер сала қарады: көптен күн көрмеген өсімдік құсап, өңі бозғылт тартқан ба, Құдай-ау!.. Ішіне аздап ел қонғасын, Айсәуле «Аллаһу ақбарын» айтып, бетін сипады.

– Жай келдіңіз бе? – деді жасанды кірпігі жалпалап еткен жас әйел, бұның ештеңе сұрамастан кеткелі жатқанына таңғала.

– Жай, Болатқа келсем, – деді бұл немқұрайлы үнмен. Қашан киініп үлгергенін кім білсін, Болат есік алдында тықыршы күтіп тұр екен.

– Була, ты ее проводишь, да? – деді имек қас, қарақат көз жас әйел қаннен-қаперсіз салалы саусақтарын, түрлі-түсті тырнақтарын сипалап тұрып.

– Жоқ, мен де бірге кетемін! – деді де, Болат есіктен атып шықты. Енді сәл кідірсе, қымбат дүниеге лық толы кең сарайдың мысы басып, шыға алмай қалатындай. Оның не дегенін ұқпай қалды ма, әлде айтарға сөз таппады ма, жарты метрдей жапсырма кірпігін бір ашып, бір жұмып есік көзінде қала берді. Қақпадан шығаршықпастан Болат:

– Ой, сен де бір, түк көрмегендей ет жеп, сорпа ішіп, созылып отырып алдың ғой! – деді Айсәулеге зілсіз күңкілдеп.

– Жылқының сүр етін күнде жеп жүр ме екем?! Оның несіне қысыласың? Қанша уақыт күйеуімді тегіннен-тегін пайдаланған жоқ па ол да? – деп Айсәуле сыңғырлай қүліп, Болаттың қолтығынан ұстай берді.

Сол сәтте Болат тыраулаған жалғыз тырнаның аянышты үнін естігендей болды да, шалқая аспанға қарады.

– Беймезгіл ұшқан бұл не тырна? – деп Болат таңғалды.

– Тобынан адасқан тырна шығар, – деді Айсәуле жайбарақат, тіпті аспанға көз қиығын да салмастан...

## АҚПАРАТ АРНАСЫ

### Ғылым және жоғары білім министрлігі 4 бағытта жұмыс істейді

Жаңадан құрылған Ғылым және жоғары білім министрлігі 4 бағытта жұмыс істейді. Бұл туралы ведомство басшысы Саясат Нұрбек мәлімдеді.

Ең әуелі Ұлттық ғылым академиясының мәртебесі қайтарылады. «Тіністі заң жобасы әзірленіп жатыр», – деді министр. Сонымен қатар жоғары оқу орындарындағы ғылымға басымдық беріледі. Қолданбалы ғылыми-зерттеулерді қаржыландыру жөнге қойылмақ. Сондай-ақ оқу орындарының ғылыми-технологиялық даму бағыт-бағдары айқындалады. Ведомство басшысы жаңадан құрылған министрліктің бұрынғы Білім және ғылым министрлігінен айырмашылығын да айтты.

Саясат Нұрбек, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі: «Негізгі мақсат – ғылым және жоғары білім. ЖОО ғылыми бірлесіп, ғылым саласы қолданбалы нақты бағытталған зертеулерге бет бұрып, Қазақстанның экономикалық дамуына үлес қосы. Негізгі айырмашылық осы.

### 1 қыркүйектен бастап шәкіртақы өседі

ҚР БҒМ Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тазайындау, төлеу қағидаларына және мөлшерлеріне өзгерістер мен толықтырулар дайындауы, – деп хабарлайды «Адырна» тілшісі.

Құжат Ашық НҚА сайтында жарияланды. Даярлаудың педагогикалық бағыттарында және даярлаудың «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша оқитын студенттерді қоспағанда, жоғары білім беру ұйымдарында оқитын студенттер – 36660 теңге (қазіргі уақытта – 31423 теңге); Педагогикалық бағыттар бойынша оқитын студенттер – 58800 теңге (қазіргі 50400 теңге); «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша оқитын студенттер – 58800 теңге (қазіргі 50400 теңге); Интерндер – 61660 теңге (қазіргі 59289 теңге); Магистранттар – 86987 теңге (76950 теңге); «Назарбаев университетінде» оқитын магистранттар – 162500 теңге (143750 теңге); Докторанттар – 195000 теңге (172500 теңге); «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша докторанттар – 195000 теңге – 172500 теңге); «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша резидент дәрігерлер мен магистранттар – 100036 теңге (88494 теңге); ҚР Жоғарғы Соты Жанындағы Сот төрелігі академиясының мемлекеттік органдардан оқуға жіберілген магистранттар – соңғы жұмыс орны бойынша лауазымдық жалақы деңгейінде, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын магистранттар үшін белгіленген мемлекеттік стипендия мөлшерінен төмен емес; Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жұмысшы біліктіліктері бойынша оқитын студенттер – 21787 теңге (өзгеріссіз) алатын болады.

### Қазақстанда орташа және базалық зейнетақы мөлшері өсті

Қазақстанда орташа зейнетақы мен базалық зейнетақы төлемі қоса есептегенде 105 мың теңгеден асты. Жыл басынан бері жалпы 1,2 трлн теңгеден астам зейнетақы төленген. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлімдеді, – деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.

Министрлік дерегіне, биылғы мамырда республикалық бюджеттен зейнетақы төлемдеріне 235,4 млрд теңгеден аса, оның ішінде базалық зейнетақыға – 71,3 млрд теңге, ынтымақты зейнетақыға 163,2 млрд теңге бөлінді.

«1 маусымдағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны 2 млн 246 мыңнан асты. Зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері (базалық зейнетақы төлемін қоса есептегенде) 105189 теңге болды», – делінген хабарламада.

Егер азаматтың зейнетақы жүйесіндегі өтілі 10 жыл немесе одан аз болса, сондай-ақ егер мүлде жоқ болса, базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54 пайызын құрайды. Содан кейін 10 жылдан асқан әр жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға артады. Ал егер еңбек өтілі 20 жыл болса, базалық зейнетақы төменгі күнкөріс деңгейінің 74 пайызын, 30 жыл болса, 94 пайызын құрайды. Еңбек өтілі 33 жыл немесе одан көп болса, күнкөріс деңгейінің ең жоғарғы мөлшерінде белгіленеді.

Егер бір ай ішінде міндетті зейнетақы жарналары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына бірнеше рет аударылса, жинақтаушы жүйеге қатысу мерзімі бір айды құрайды.

Осылайша міндетті зейнетақы жарналары неғұрлым тұрақты және толық көлемде аударылса, зейнет жасына жеткенде базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері соғұрлым көп болады.

Өз кезегінде азаматтың жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1998 жылғы 1 қаңтардағы жұмыс өтіліне (кем дегенде 6 ай қажет) және зейнеткерлікке дейінгі кезеңдегі орташа айлық табысына байланысты болады.

Ұлттық арна, Адырна сайттарынан



танымдық бет

## БАЛА ӘУЛИЕНІҢ ҮШ КЕРЕМЕТІ

**Шынында да солай-ау. Біз қашаннан таң қалдыратын гажайып дүниелерге құмармыз. Ана бір өңірде түгенше деген керемет әулие бар екен десе елең ете қаламыз. Ол жайлы әңгімені аузымызды ашып, көзімізді жұмып отырып тыңдаймыз.**

Біздің осы сенгіштігіміз деп, иланғыштығымызды біліп алған кейбір алаяқтар, көзбе-көз алдап, тақырға отырғызып кетіп жатады. Былайша айтқанда кей адамдардың ақша үшін өтірік әулие не емші болатындығы да кездеседі. Асылы, әулиелік – кез келген адамның бойына берілетін қасиет емес. Десек те, талайды таң қалдырған тылсым күш иелерінің болғаны да рас. Осындай бір әңгімені кезінде оюшы, этнограф, өлкетанушы Шөптібай Байділдин ағамыздан естіп едім.

Шөптібай аға Арқалықтағы музейде қызмет етіп жүргенде Ұлытау-Жезқазған өңіріне жиі келетін. Ол кісімен құдандалық, жекжаттығымыз бар. Сондай бір аралас-құраластағы осы бір әңгімені айтып, жиналғандарды таң қалдырып еді.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысы. Данышпан, сайыпқыран бағыр Шақшақ Жәнібек Қошқарұлына бірде Бұхардан Хайшы абыз (діни және пәни ілімді бірдей меңгерген ғұлама, ақылман) бастаған молда-қожалар келіпті. Қайтар кезінде Шақшақ Жәнібек Хайшы абызға «Арғын-қыпшаққа пір болар, мұсылмандықты орнықтырып, дінді жарқыратар адам бер» деп қолқа салады. Хайшы абыз өзінің ажалының жақын екенін, алты баласының ішінен таңдағанын беретінін, оны қайынағасы Қосымқожаға аманаттайтынын айтады.

Қалмақ пен жоңғардың шапқыншылығынан оралып, ел есін жинай бастағанда ауыл ақсақалдары Шақшақ Жәнібекке Хайшы абызбен болған уәдесін еске салады.

Сонымен Жылқайдар руынан, Солтанның Ақбикешінен туған Хожаназар Жәнібектің Қосымқожаға жазған хатын алып, Бұхарға келеді.

Барса, ол Хайшы абыздың 16-17 жастағы Азына деген кенже баласын берген екен. Көңілі толмағандардың бірі сынау үшін, жолда «Сені біз-

ге әулие деп берді ғой. Шөлдеп келе жатырмыз, бір кереметінді көрсет» десе керек. Бала «Анау шабындыққа тоқтандар. Сосын жылқылардың барлығын босатып қоя беріндер де екі сағаттан кейін қысыр биелерді сауындар» депті. Айтқанындай қысыр биелерден саулап сүт шыққан деседі.

Тағы бір жерге келгенде, әлгілердің тағы біреуі «Қаптаған киіктің біреуін ұстап бер» депті. Бала «Еркегі тоқтаса жақсы, ұрғашысы тоқтаса маған жаман болады» деген екен. Ақыры болмаған соң, дұға оқыса, лағы бар ешкі тоқтапты. «Менің ұрпағым келешекте аз болатын болды» деп бала өкініпті дейді.

Одан тасып жатқан Сыр өзеніне жетеді. «Бір аттың құйрығына екіншісінің құйрығын жалғап байлаңдар. Сосын ерден мықтап ұстап, көзді жұмыңдар. Мен аш дегенше, ашпаңдар» депті бала. Небір кереметке куә болып келе жатқан жолаушылар мақұл деді. Алайда, қалай өтіп келе жатқанын көргісі келген біреу шыдамай көзін ашып жіберсе керек, мұздың үстінде келе жатыр екен. Сол мезетте көзін ашқан адамнан бастап, барлығы суға кетеді.

Хожаназар Азынаның әулиелігіне сеніп, асық жілік ұстатып, өз тілегі бойынша бала қылып алады. Өсе келе, елі басына көтерген ғұлама, әулие ата-нады.



## ҚАЗАҚ ҰҒЫМЫНДАҒЫ ЖАҒЫМСЫЗ ЖАРАТЫЛЫСТАР

**Шайтан (сәйтан)** – әртүрлі бейнеде көрінетін, адамды азғырып, ақ жолдан тайдырамын және күнәға бағырамын деген серті бар құбыжық.

**Малғұн** – шайтанның бір түрі, опасыздық бейнесі.

**Әзәлі** – адамды бір-біріне айдап салып, өзара жауықтыратын шайтан.

**Ібіліс** – адамды пәле, күнә жасауға азғырушы пері.

**Әбілет** – адамды қылғындырып тұншықтыратын кесапат, қара күш.

**Албасты** – босанар не босанған әйелдің өкпесін ұрлап, тұшықтыратын әйел бейнесіндегі әбілет.

**Монтаны** – адамды айкезбе (лунатик) қылып, жетектеп кететін жын-пері.

**Жын-пері** – аспанда және су ішінде жүретін жаратылыс.

**Перизат** – періден туған, пері тектес бейне. Жағымды және жағымсыз бейне түрлерінде халық түсінігіне сінген.

**Жын** – бақсы-балгерлерге, диуаналарға қызмет ететін, көзге көрінбейтін жаратылыс. Бақсылар жынды шақыра да, аластай да алады. Жын мұсылман және кәпір деп бөлінеді.

**Дио** – алып тұлғалы, күшті жаратылыс.

ДЕГЕН ЕКЕН...

## ЖІГІТТЕРІҢ ӘЙТЕУІР ҚҰР ҚОЛ ЕМЕС...

...Ертеректе, бір бай – сайдың тасындай іріктелген жігіттерін барымтаға аттандырса керек. Олардың әрекетін бағып отырған қарсы жақ та қапы қалмай, түгел аттан аударып: үш күн дүрелеп, ат-тонын, барша киімін сыпырып алып елдеріне жаяу айдап салады. Барымташылар ұятты жерлерін қолдарымен қалкалап елдерін бетке алады.

Барымта аттандырған бай жігіттерін бір күн тосады, екі күн тосады, үшінші күні шыдай алмай ауылындағы мықты деген балгерін алдырып, құмалақ аштырады. Балгер де осал

адам болмаса керек. Ұятты жерлерін қолымен қалқалай, зымырап келе жатқан жігіттер оның құмалағына ілігеді. Сонда отырып, құмалақшының байдан бір, құдайдан екі жасқана айтқаны мынау екен:

Құмалақ алжасуды білген емес,  
Бет алып, елге қарай жүргені елес.  
Қолдарына бірден келеді ұстап –  
Әйтеуір, жігіттерің құр қол емес...

## ӘУЛИЕ-ӘМБИЕ, БАҚСЫ-БАЛГЕР ҺӘМ ТЫЛСЫМ КҮШ

**бұлар туралы әңгімелер қанишалықты шын?**

**Әулие-әмби, бақсы-балгер, көріпкел, құмалақшы, емшілердің гажайып қасиеттері мен тылсым күштері туралы әңгіме қазақ арасында кең тараған. Олар қалай пайда болады? Біз бүгін осылар жайлы естіген, оқыған және куәгерлердің басынан кешкен әңгімелері жайлы сөз етпекпіз.**



«Әулие» деп қазақы ұғымда ерекше қасиеттері бар және тылсым күшті бағындырып, небір таңғажайып істерді жасауымен халық сеніміне не болған, діни және пәни білімді жетік меңгерген ғұлама адамдарды айтады. Діни түсінікте жаратушының досы, сүйіктісі саналады. Олар дұғамен не басқа да амалдармен түрлі ауруларға дауа дарытқан, болашақты болжаған, қауым арасында рухани тәрбие жұмыстарын жүргізген.

Барлық ұлттарда әулиелер бар. Мысалы, тәңіршілдікті, шамандықты ұстанғандар арасында олар бақсы-балгер деп аталған.

## МИФ ПА, МИСТИКА МА, ӘЛДЕ ӘПСАНА МА?

**Қазір әулие-әмби, бақсы-балгер, гажайып құдіретті күштер туралы әңгімелер өте көп. Адамдар оларды қызыға оқиды. Мұны қандай жанрға жатқызуға болады? Ол жайында әдебиетші, мифология зерттеушілері не дейді?**

Осы сауалға жауап іздеп гадамторды быраз шарлады. Ақыры мына бір жазбаны тауып алдым. Дәл осы мен іздеген сауалға ақын, мистик әдебиет танушы Айнуір Төлеу былай деп сипаттама беріпті:

– Бұл – бұрынғы фольклорлық әдебиеттің жалғасы. Хикаят жанры ретінде қаралып келген болатын. Яғни, аталарымыз «Мен бір хикая айтып берейін» деп бастап, елге белгілі адамның не жаратылыстың гажайып құдіреті мен ісі туралы әңгімелеп береді.

Мұндай әңгімелер бір кезде мистика, одан мифтік әдебиет, хикаят деп танылғанымен қазіргі әдебиетте фэнтэзи жанрына жатқызылатын болды. Ол

– ғылым мен мистикамен бірігіп, киберкейіпкерді тудыруына байланысты қалыптасты. Себебі, бұл әңгімелердің дәлелдемесі бар таңғажайыпты ғылым тұрғысынан зерттеп, дәйектеуге тырысудан шықты. Өмірде болған кей нақты оқиғаларға қарап, кейде оған сенесін, кейде миға қонбайтын қиял-ғажайыпқа, тіпті оған сену қиын болады, – дейді әдебиет танушы.

### Адамдар мұндай әңгімеге неге құмар?

Бұл сұрағымға да жауапты осы Айнуір Төлеудің жазбасынан таптым. Оны ол былай түсіндіреді:

– Адам баласы жаңалыққа, таңқаларлық гажайып дүниелерге құмар. Мұндай әңгімелер адам психологиясына тез әсер етеді. Оның себебі, біз, адамзат қанша білімдіміз десек те, әлемдегі небір жаратылыс жүйесінің сырлары мен қырларын жете зерттеп, түсіне алатын жағдайға әлі жеткен жоқпыз. Жете қоймаймыз да. Доставскийдің сөзімен айтқанда «Ұлы үйлесім иесі қалыптастырған жүйені түсінген кезде, бұған дейінгі талай жүйелердің қайталаушысы екенімізге көзімізді жеткіземіз». Сондықтан да көкірек көзі ояу адамның осындай таңғажайып дүниелерге, тылсымдарға таңырқап, тамсана қарауы жалғаса береді...

## БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

**Қазақ ұғымындағы  
киелі жаратылыстар  
(бейнелер)**

**Періште** – Құдайдың әмірін әлемге жеткізуші, қанатты көмекшілері, пәк жаратылыс. Төрт періште бар.

**Пір** – адамзатты қолдап-қорғаушы рух, адам сыйынатын аруақ. Қасиетті дін басшыларына сыйынғанда айтылатын ұғым.

**Ғайып ерен қырық шілтен** – мұсылмандарды жебеп-желеп, қолдап жүретін, көзге көрінбейтін киелі жаратылыс.

**Қыдыр** – ел аралап жүретін адам кейпіндегі әулие, адамға бақыт, ырыс, дәулет әкелуші.

**Әулие-әмбие** – қасиетті киелі жандар, пайғамбарлар, шадиярлар.

**Сәруәр** – пір, қожа, ие, жол-бастаушы, көсем.

**Пираар** – тақуа діндар адам, сопы.

**Дәруіш** – дүние қызығынан безген діндар.

**Диуана (дуана)** – ырзығын көптен тілеп, кәсіпсіз қаңғырған діндар, тақуа.

**Шайқы** – ел, халықты күлкіге қарық қылып, көңіл көтеруші кезбе киелі адам.

## ҚОЙЛЫБАЙ ӘУЛИЕ

**Ұлытау өңірінде де аты  
елге әйгілі болған әулие-әмбилер көп.  
Солардың бірі де бірегейі –  
Қойлыбай әулие.  
Ел оны Қойлыбай бақсы деп те  
атайды. Мұндай атау оған он бес  
жасында таңылған екен.**



Бір жылдары су қатты тасып, бір қауым ел аралда қалады. Жолындағыны тегіс жайпап, жуып әкетіп жатқан долы өзен ауылға үрей тудырады. «Мына апаттан құтқарар кім бар екен» деп Құдайға құлшылық айтумен болады ел. Мұны естіген Қойлыбай жасы тоқсаннан асқан атасына келіп:

– Ата, батанды беріңіз! Алла Тағалаға сиынып, елді мына апаттан құтқарайын. Ол үшін маған қолыңыздағы асатаяғыңызды да беріңіз, – дейді тізерлей отырып, алақанын жайып.

Атасы батасын беріп, қолына асатаяғын ұсталады. Атасының батасын алған Қойлыбай долдана буырқанып жатқан өзеннің жағасына келіп қобзын аңыратып қоя береді. Сол кезде қаншама күн ақкөбік атып аласурған тасқын тына қалып, су қак жарылады. Ел мал-жанымен тегіс келесі жағаға шығады. Осы оқиғадан кейін ел Қойлыбайды «Балабақсы» атап кетеді. Бұл кезде ол он беске енді толған екен.

## КИІЗ ҮЙДІ ЖАСАУЫМЕН КӨТЕРГЕН ҚҰДЫРЕТ

Ол кездері ел жаз жайлауға жері шүгін жер іздеп жиі қоныс ауыстырып отырған ғой. Сондай бір жайлы өріс іздеп келе жатқан Қойлыбай бақсының ауылы думандатып тойлап жатқан бір ауылдың тұсынан өтеді. Барып араласа кетуге ол ауыл өзеннің арғы бетінде екен. Амалдары құрыған бұлар құр өтпей тілдесе кетейік деген оймен дауыстап мән-жай сұрасады.

– Ауылымыздың белді кісісінің баласы тайға мінді, бұл – соның тоқымқағар тойы, – дейді арғы беттегілер. Бұлар өз жөндерін айтады.

– Қап әттеген-ай, шақырып келтіре алмайтын-ақ қонақ екенсіңдер. Атбасын бұрып, кәде-жоралғыларыңды алып, бата беретін жөндерің бар екен, – деп қыңжылыс білдіреді.

Мұны естіген Қойлыбай әулие:

«Бізге арнаған үйін тігіп, дастарханға қонақасымызды қойсын. Тарту-таралғыны керегенің басына іліп, атаған атты Алла Тағалаға сиынып оң босағаға байласын» – дейді.

Мұны естіген ел «Қойлыбай бақсы қандай керемет көрсетеді екен?» деген әуестікпен өзеннің жағасына жиналады. Бәрі дайын болғанда Алла Тағалаға сиынып қобзын қолына алған Қойлыбай күнрентіп қоя береді. Сол-ақ екен, ақбоз үй әуелі сәл ырғатыла қозғалады, сосын орнынан тік көтеріліп, жылжыған бойда бергі бетке келіп қонады. Жолаушылар дәм татып, бата жасайды. Сый-сияпатын алады, ал атты «Тоқымқағар иесі мінсін» деген тілекпен керіқайтарады. Қойлыбайдың бұл құдіреті де елге тез тарап кетеді.

Бетгі баптаған Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

# ҚҰПИЯ ТАБИҒАТ ТЫЛСЫМЫ

*Табиғат – айналамызды қоршаған орта. Ал оның тылсым құбылысы, беймәлім күштері адам үшін мәңгі жұмбақ іспетті. Ерекше дала пейзажы қиялыңа сыймай, жаныңды жадыратқанымен кейбір құбылыстан төбе шашың тік тұрып, бойыңды үрей билейтіні тағы бар.*

Мысалы найзағай қанша сұлу болса да жарқылынан көз жұмып, үрейленбеуі мүмкін емес. Ал күн күркірегенде үйіне тығылмайтындар аз шығар. Бұл – тек біз білетін құбылыстардың бер жағы. Жер жүзінде табиғат мінез көрсетіп, арасында адамға еркейтіні сәт де жетерлік. Алысқа кетпейік. Қазақ даласында да табиғат жиі құбылып тұрады. Бір жылы қар қалың түскен өңірде, келесі жылы күн суытпауы да мүмкін. Бір шетінде нөсер жауған ауылдың, екінші бұрышына тамшы тамбайды. Бұл өзіміздің өлкедегі табиғат құдіретінің шағын бөлшегіміз. Ал күн шығыс еліндегі

цунами, жердің екінші бөлігіндегі ірі дауыл, мұхиттағы магиялар – бәрі де адам үшін түсініксіз дүние. Жердің асты да, ортасы да, тіпті үсті де тылсымға толы. Оны зерттеу үшін кей ғалым бар ғұмырын сарп етеді. Енді бірі асау мінезін бағындырып, құпиясын ашады. Бірақ оның бүкіл сыры, ғажайып бейнелері қанша ғасыр өтсе де тіршілік иелері үшін бар жұмбағын айта қоймас. Біз білетін төрт мезгілдің өзінде табиғат қырық құбылады. Төрт мезгілде төңірек төрт түрлі түске боялып, бірде түрленеді, бірде гүлденеді. Әрқайсындағы тіршілік те, көрініс те әртүрлі. Әсіресе жыл ішіндегі әр күннің

бір-біріне мүлде ұқсамайтынын ерекше құдірет деп қалай айтпайсың!

Тылсымның көзге көрінбейтін, қолмен ұсталмайтын түрі көп. Ол ғаламның қанша жаратылысына өзінше бөлек бөп берілген. Соның ішінде табиғат тылсымы – адам тамашалай алатын ең ғажайып құбылыс. Оның пайдасы да, онымен қатар жүретін зияны да жеткілікті. Десе де табиғат тылсымынсыз әлемді елестету, құбылысыз айналы аяқталмайтын ету мүмкін емес!

Табиғаттың мейірленгені мен қатуланғаны анамызды еске салады. Ол бізді еркелете де, жазалай да алады. Осының бәрі біздің қамымыз, болашағымыз үшін жасалатыны шындық. Олай болса табиғат анамызды аялай білейік. Сақтанайық та сақтайық!

Жадыра ҚАЛИЕВА.

# ҰҚАША АТА ҚҰДЫҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ҚҰПИЯСЫ БАР?

*Тау-тасы құдіретке толы қазақ даласының қай жерін алсақ та кие мен ерекше тылсымға толы. Әсіресе оңтүстік өңірлер тау етер қасиетті орындарының көптігімен ерекшеленеді. Соның ішінде түркі дүниесінің рухани астанасына айналып бой түзеп келе жатқан Түркістан өңірінде киелі орындар жетерлік.*

Түркістан десе ойымызға, ең алдымен, Қожа Ахмет Ясауи бабамыз бен оның ұлы ұстазы саналған Арыстан баб кесенелері ойға оралады. Жанына тыныштық, дертіне ем іздегендер аталған орындарға барып, дұға етіп жатады. Осындай тылсымға толы орындардың қатарында Ұқаша ата құдығы да бар. Бұл құдық жайында жергілікті тұрғындар толық ақпараттанғанымен, өзге аймақтардағылар аса хабардар емес. Соңғы жылдары Жезқазғаннан Түркістанға баратын туристер саны артып келеді. Аталған саланы жеке кәсіп етуге қызығушылық танытушылар да көбейіп келеді. Осы тұста саяхат жасауға ниеттілерге Ұқаша ата құдығы туралы аз-кем мағлұмат беріп өткенді жөн көрдім.

Түркістан топырағына табаны тиген адамды өзіне тартатын орындардың бірі – Ұқаша ата құдығы. Шырақшы Ұқаша ата құдығының ешкім қолдан қазбаған. Аңыздарға сенсек, Ұқаша ата Мұхаммед (с.ғ.с) Пайғамбардың тапсырмасымен ислам

дінін насихаттау мақсатында дүниеге келген. Нәтижесінде ислам дінін қабылдаушылар көбейіп, таң намазын оқып отырған Ұқаша ата дұшпандарының қолынан қаза тапқан. Басы шабылған сәтте кенеттен ауа райы бұзылып, найзағай жерге түсіп кетеді де, үлкен тасты жарып жібереді. Содан құдық пайда болады. Ұқаша атаның басы сол құдыққа түсіп кеткен екен.

Қазіргі таңда сол жақта қызмет ететін шырақшы Серік Қыстаубайұлы құдық астына түскенінде тылсым күшке куә болғанын былайша баяндапты: «Бір түскенімде мынандай жағдай болды. Құдық астында 8 сағаттай жүрдік. Бір кезде жоғарыдан «шетке тұрыңдар» деп айқалады. Ресейден осы құдыққа арнайы ниеттеніп келген бір кісі шелек тастамасам болмайды деп тұрып алыпты. Тастады. Қасымдағы жігіт «Су қалай құйылады екен. Көрейіңші» деп қолындағы шамын қосып қалып еді, онысы атылып кетті. Біреулер үшін фантастика боп көрінуі мүмкін. Бірақ, шыны сол.



Өтірік сөйлеп нем бар?.. Міне, көрдіңіз бе, Алланың құдіреті деген осы шығар. Құдық астынан шелекке судың қалай құйылатыны әлі күнге дейін жұмбақ күйінде қалып отыр.

Мұнда келіп-кетіп жүргендердің ішінде өз еліміз бен қатар өзге мемлекеттің де азаматтары бар. Борақ, сөзге тартсаң көбі не үшін келгендерін нақты айта алмайды. Келушілердің көбі мұнда бір тылсым күштің барын байқаған. Барлығын белгісіз бір күш алып келген. Мұны ғалымдар ұлттық санамен байланыстырады. Халық мұның астарында да «аруак, рух» ұғымдарының барын мойындайды.

Кім не десе де, халқымыз

әулие мен әнбиелердің шынайы өмірде болғанына сенген. Қазір де шүбе келтірмейді. Қалай болса да олардың Құдайдың ерекше рахымына бөленген адамдар болғаны сөзсіз. Ендеше осындай сырға толы киелі орындарымызды сақтап, ғасырлар кешімен келешек ұрпаққа жеткізіп отыру – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Бұл бір жағынан ел аумағында туризмді дамытуға оң септігін тигізсе, екінші жағынан ұлттық руханиятымыздан қол үзбей, өткенді болашақпен сабақтастыруға негіз болары сөзсіз.

Нұрай

МҰХАМЕДӘЛІҚЫЗЫ.

## АЙМАҚ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

### ● ҚАРАЖАЛ ҚАЛАСЫ

## СУПЕРМАРКЕТ АШЫЛДЫ

*Журда Қаражал қаласында «Ақ-Ниет» деген атауы бар заманауи сауда үйі ашылды. Бұл қала тарихындағы тұңғыш супермаркет екенін ескерсек, оның келешегі кемел болары айтпаса да белгілі.*

Қала жұртшылығына қуаныш сыйлаған кәсіпкерлер жаңарқалық Абзал мен Гүлнар Қайрамбековтер. Бұған дейін өңірде көтерме сауда дүкенін ашып, тәжірибе жинақтаған олар халыққа қызмет көрсетудің заманауи үлгісін таңдады. Осылайша қазыналы өңірдің тұрғындарына азық-түлік түрлерін алыстан іздемей, өз қалаларынан-ақ табуларына мүмкіндік жасады.

Судай жаңа супермаркеттің ашылу салтанатына қалалық мешіхаттың хатшысы Зәмзәгул Оспанова қатысып, жерлеріне құтты болсын айтып, сауда нысаны иелеріне сәттілік тілеп, лентасын кию рәсімін өткізді.

– Ел игілігіне қызмет істеп жатқан осындай еңбекқор азаматтарды әрдайым үлгі етеміз. Абзал қаланың тыныс-тіршілігінен де тыс қалып көрген емес, әрдайым сауапты істердің басы-қасында болып, жағдайы төмен отбасыларға көмек қолын созып жүреді. Алдағы уақытта істері ілгері баса беруіне тілектеспін, – деді Зәмзәгул Қажымұқанқызы.

Жаңадан ашылған супермаркет бүгінгі күні 10 адамды жұмыспен қамтып отыр. Ондағы сөрелерге сапалы және төмен бағадағы азық-түліктер, жеміс-жидектер қойылған. Өңір тұрғындарына бұл заманауи



дүкеннен тұрмысқа қажетті тауарлар да табылады.

– Супермаркеттің құрылысы бытыр басталып еді. Нысанның құрылысына «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының қолдауымен жеңілдетілген несие алдық. Келешекке жоспарлар өте көп. Қазіргі мақсат – осы кәсіпті дөңгелету, – дейді Абзал Қайрамбеков.

Суретте: су жаңа супермаркет.

### ● ҰЛЫТАУ АУДАНЫ

## «DALA-LIFE» ЭТНОТУРИСТІК СЛЕТІ ӨТТІ



*Аптаның басында Ұлытау ауданының Шеңбер ауылында тұңғыш рет «Dala-Life» этнотуристтік слеті өтті. «Балалар жылы» аясында өткізілген бұл шара аудандық білім бөлімі мұрныдық болды. Слет төрт күнге деп жоспарланған.*

Слеттің салтанатты ашылуына аудан әкімінің орынбасары Алмаз Қайырбек, аудандық білім бөлімінің басшысы Бағдат Әбдірайымов, Шеңбер ауылдық округінің әкімі Сағат Сұлтанов арнайы қатысып, алғаш рет өткізіліп жатқан «Dala-Life» этнотуристтік слетінің жұмысына сәттілік тіледі. Ауданның өнерпаз оқушылары ән салып, би биледі.

Этнотуристтік слетте оқушылар Шеңбер ауылының тарихи ескерткіштеріне саяхат жасап, қазақтың

салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарымен танысады, ұлттық ойындар ойнап, кешкілік алау жанында ән айтады. Оқушылар топтарға бөлініп, бағдарлама бойынша қызықты ойындар ойнайды, ат ерттеу, құрт жасау, бауырсақ пісіру сияқты іс-шараларға қатысатын болады.

«Dala-Life» этнотуристтік слетіне ауданның барлық мектептерінен қоғамдық жұмыстарға қатысып жүретін белсенді оқушылары тартылды. Олар Шеңбер ауылындағы Кейкі батыр үңгірі, Мақат сағанасы, Жақуда ишан мешітін аралап, табиғаттың кереметі – Ақжал қырларын тамашалады.

Сондай-ақ ауылдың ақ жаулықты аналары мен ақсақалды аталары, балаларға ат ерттеуден, құрт жасау мен бауырсақ пісіруден шеберлік сыныптары көрсетті. Аптаның басында басталған слеттен оқушылар үлкен әсер алып оралды.

Аймақ жаңалықтарымен таныстырған Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

# ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ ПРИНЦИПТЕРІ

*Бүгінгі әлемнің жаһандық үндеулері бірқатар маңызды мәселелерді шешуді күн тәртібіне қойып отыр. Соның ішінде дінге қатысты мәселе аса өзекті. Елдің тыныштығына, бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндіктеріне қауіп төну ешкімді бей-жай қалдырмайтыны анық.*

Дінсіз қоғам құруға тырысқан атеистік идеологиядан соң тәуелсіз мемлекеттерде дінге деген асқан сұраныс пайда болды. Діни ізденістің орнын көп жағдайда қажетті емес бағыттағы діни бағыттардың ілімі басты. Алғашқы кезде мемлекеттердің саясаты бей-тараптылық позицияда қалыптасты және діни бірлестіктерді тіркеумен ғана айналысты. Дін саласында мемлекеттің шет тұруы бұл елдерге дәстүрлі емес діни ұйымдардың, деструктивті діни идеологияның кең тарауына алып келді.

Кеңестік Одақ кезінде атеизм идеологиясы барлық жерде дәріптелді. Ал Одақ тараған соң әр мемлекет діни жағдайды қолға алып, руханилық мәселесін өз бетінше қарастыра бастады.

Өз бетінше қарастыруда қоғамда түрлі дәстүрлі емес діндер шеруі пайда болды. Намаз оқымағандар қафрлер, намаз оқымаса ата-анаң да жау деп жастарды ұлай бастады. Басқа да жат ағымдар саңырауқұлақтай қаптап кетті. Қаншама жастар Отанның тастап Сирияға жаһид жолына етіп, өздерін, бала-шағасын өлімге тікті. Біздің ата-бабамыз ұстанған дін жауыздық діни емес еді. Адамның өз-өзіне қол салуына қарсы еді. Кешегі Қаңтар оқиғасы да лаңкестердің елімізді жауыздық үшін жасаған әрекетінің көрінісі еді. Қашан да кейбітішілік пен татулыққа болса да біздің жас әрі жасампаз мемлекетіміздің ірге тасы берік болуы үшін рухани тәрбиені қолға алу керек.

Мемлекеттің дін саласындағы саясатының дұрыс бағытта дамуы уәкілетті органдардың құрылуы мен олардың қызметтеріне тікелей байланысты деуге болады. Қазақстан Республикасында 2017 жылы 13 қыркүйекте Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі құрылып, дін саласында мемлекеттің саясатын іске асыруда Ғылыми-зерттеу және сараптамалық орталық пен Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы белсенді жұмыс жүргізуде.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы саясаты қабылданған мемлекеттік бағдарламаларда толық көрініс тапты, атап айтсақ, «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» бойынша жұмыстар жасалды және «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды және тұжырымдама негізінде Заңға өзгерістер, дінтанулық білімнің өзектіленуі, мектеп бағдарламасына жаңа пән енгізу бағытында жұмыстар жүзеге асырылуда.

Мемлекеттің дін саласындағы саясатын баяндау ету үшін білім беру ошақтары маңызды. Діни білім беру мен дінтанулық білімдердің, мамандардың атқаратын қызметі зор. Діни біліммен қатар дінтанулық білімнің өз ерекшеліктері бар. Қазақстандағы діни және дінтанулық білім туралы айтқанда ең бастапқы негізделетін құжат бұл Қазақстан

Республикасының Білім туралы заңы. Заңда діни білім беру туралы төмендегідей делінген:

– рухани (діни) білім беру ұйымдары – дін қызметшілерін даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары (1-бап). Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар) және рухани (діни) білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау орта білімі бар адамдар арасынан құрылтайшы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады (26-бап). Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар). Бұл жалпы діни білімнің заңдағы көрінісі. Ал дінтанулық білім деген жеке түсініктеме жоқ, себебі дінтанулық білім зайырлы білім болып табылғандықтан, оған ерекше анықтама беріліп тұрған жоқ.

Қазақстан Республикасында діни білім Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанында имамдардың біліктілігін жетілдіру институты, 9 медресе және Құран қариларды дайындайтын 2 орталық бар. 9 медресенің біртіндеп колледж статусына көшіріле бастауы, бір жағынан зайырлы пәндердің беріле бастауымен және екінші жағынан медресе-колледжді бітірген түлектердің тек діни емес, сонымен қатар зайырлы оқу орындарына да оқуын жалғастыру мүмкіндігін беретіндігімен қоғам үшін тиімді. Дінтанулық білім беру орта білім мекемелері мен жоғары оқу орындарында беріледі. Мектепте алғашқы кезде «Дінтану негіздері» деген атпен, кейіннен «Зайырлылық және дінтану негіздері» деп беріліп жүр. Жоғары оқу орындарында дінтанулық пәндер таңдау пәні ретінде енгізілген және 6 жоғарғы орындарында: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қ. А. Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Ескерлік карьеры және шет тілдер академиясында дінтанушы мамандар дайындалады.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы саясаты мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарда белгілі бір дінге басымдық бергені болмаса, бейтараптық саясатын ұстанатындығымен ерекшеленеді. Осы ретте зайырлы мемлекеттердің ерекшеліктерін, мемлекеттегі дін саласындағы саясат мәселесін, мемлекеттік-діни қатынастарды реттеудің заңнамалық жолдарын терең зерттеу аса қажет және бұл мәселелердің өз алдына қиындықтары да бар. Кез келген мемлекеттегі мемлекеттік-діни қатынастарды бақылау, реттеу тәжірибесін жан-жақты талдау арқылы поликонфессионалдық, полиэтносты мемлекеттіміздегі қалыптасқан дінаралық диалог мәдениетін дамыту, діни жағдайды сақтау үшін қажеттілік болып табылады.

Ғани БАЙЖАБАҚ,  
қалалық  
ақпараттық-түсіндіру  
тобының мүшесі.

# ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ЖАС ҰРПАҚ ҚОЛЫНДА

*Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты  
Мен жастарға сенемін!*

М. ЖҰМАБАЕВ.

*Еліміздің болашағы – жастар! Қай жасында болмасын халқымыз ұрпақ тәрбиелеу, оған жақсы тәлім-тәрбие беру ісіне ерекше мән берген. Бүгінгі әлемдегі елдер мен халықтардың өзара тарихи байланысының дамуы, экономика, мәдениет пен ғылымның әлемдік деңгейге бет бұруы, ертеңгі күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білім мен тәрбиеге ғана тән.*



Болашақ Қазақстанды әлемдік арналарға шығаратын осы жастарымыз. Қазіргі кезде де еліміздің даңқын көтеріп жатқан дарынды жастарымыз өте көп. Солардың бірі Геннадий Головкин, Денис Тен, Сәбина Алтынбекова және әлемді өз дауысымен бағындырған Димаш Құдайбергелі. Бұлардың барлығы біздің мақтанышымыз. Келешекте осындай жетістіктердің көп болғанын қаласақ, өскелең ұрпақтың сауатты, білімді, бәсекеге қабілетті болуына көп назар аударып, қолдау көрсетуіміз қажет.

Жас буын – жаңа идея! Жанашылдық. Жастардың ой-өрісі, көзқарасы әрқашанда ерекшеленеді. Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі. Тәуелсіз еліміз қанатын кере жайып, ел мәдениеті өркендеген қазіргі заманда тек білімді жастар ғана ұлтымызды асқақтатып, елімізді көкке көтереді. Қазақстанның болашағы жастар енісінде екенін ескерсек, сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, па-

расатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені анық. Саналы қоғамда білімді азаматтармен бірлесе өмір сүрген жастар өз бойында білімге деген құштарлық пен ізгі сезімдерді қалыптастыратыны сөзсіз.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың назарын олар үшін ашылып жатқан жаңа перспективаларға, жас буынның әлемдегі алдыңғы қатарлы университеттерде білім алу мүмкіндіктеріне аударды. Сондай-ақ жастарды жетекші технологиялық компанияларда жұмыс істеуге, өз жобаларын озық ғылыми орталықтарда жүзеге асыруға шақырды. «Кез келген елдің табысы өз азаматтарының жекелеген жетістіктерінен құралады. Егер әрқайсысыңыз алдарыңызға қойған мақсатқа қол жеткізіп, өз қабілеттеріңізді арттырсаңыздар, мемлекет те табысты болады. Бүгінгідей жоғары бәсекеге қабілетті әлемде ешкім туғаннан табысты бола алмайды және оған кепілдік те берілмейді. Ол үшін үнемі еңбектену керек,

ең алдымен, өз-өзінді дамытуың қажет», – деді Президентіміз.

Болашақ жас кадрларды даярлау үшін көптеген мүмкіндіктерді қарастырып жатыр. Білім беру ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2030» Стратегиясының негізгі мақсаты болып отыр. Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесінің жана әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады. Қазақстанның тұңғыш Президенті әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына Республиканы кіргізу туралы мақсат қойған болатын. Осы мақсатты жүзеге асыруды білім беру жүйесін дамыту маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, егер еліміздің болашағы жарқын болғанын көргіміз келсе, жас ұрпаққа сенім артып, қолдау көрсетуіміз қажет демекпін. Себебі, жастар еліміздің айнасы, қозғаушы күші.

Толқын АМАНТАЙ,  
№1 ЖББ КММ

# БАЛАҒА ҚОЙЫЛҒАН ЕСІМ

ОНЫҢ ТАҒДЫРЫНА ӘСЕР ЕТЕДІ

*Егемендігімізді алғанда туған балалар қазір өз балаларын өсіріп жатыр. Халқымыздың алдында сол жастарға болашағымызды тапсыру міндеті тұр. Бұл әр ұлттың алдына қойған мақсаты. «Ел боламын десең, бесіңді түзе» сөзін аталарымыз бізге айтып кеткендей.*



Кенес Одағы кезінде ел болып соғысты жеңіп, 5 жылдықта қала салып өскен ұрпақтың да арамьздан сиреп бара жатқаны белгілі. Қазіргі ұрпақ ел болашағы. Әр ұрпақ, сол өмір сүрген уақытына байланысты өсіп дамиды. Аға ұрпақ «Кенес» уақытында есейсе, қазіргі ұрпақ «tik-tok» ақпарат т.б. өсуде. Басқа елдердің қазақ деген ел барын оның қандай ел екенін білгісі келмейтіні жоқ шығар? Қазақ елі де басқа елдерге қарап бой түзеуге талпынады. Әр істің ұсақ-түйегі болмайтыны анық. Мысалы «Швили», «Идзе», «Ли», «Ким», «ов», «ев» деген аты-жөніміздегі жалғас сөзден бірінің грузин, екіншісінің қытай, корей, орыс, тағы басқа екенін әлем жұрты бірден біледі. «Оглы» десе әзербайжан, «ю» десе украин, «ян» десе армян екені анық. Ал, бізде ше? Соңғы кезде қай тілде оқу керектігі толық шешілмеуде. Соның ішінде толықтай заң талаптарына сай есім қоюға мән берілмеуде. Мысалы, Манат, Жанат, Самат десе немесе Тито, Олимпиада, Қырықбай десек, бұл үш адам ба, әлде бір адамның аты-жөні ме білмейміз. Қиялдап, әсерелеумен жаза берсек Түлкібай қажы Икрам Қасқырбай тегі немесе Тамара қажы Тито келіні Таусоғарқызы деп те жазуға болатын сияқты. Ал, Шерхан Мұртаза, Қадыр Мырза Әлі, Жүрсін Ерман тағы басқа жиі оқып, естігеннен бе, көбіміз осы ел ағаларының есімдеріне үйреніп кеттік. Ел болып аталарымыз аңсап кеткен тәуелсіздігімізге қол жеткіздік, көк туымызды басымызға көтеріп, ар-намыс оянған кезде басқа елдерден үлгі алып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренетін кез келген сияқты. Түрлі спорт жарыстарында елге, жерге деген намысы оянып, көздеріне жас алғаны белгілі. Ал еліміздің заңы бойынша әр қазақтың аты-жөні, бірінші тегі (фамилия), аты, әкесінің аты жазылуы тиіс. Мысалы Сәтбаев Қаныш Имантайұлы, Асанов Төлеш Сүлейменұлы және тағы басқа осы басатын жоғарыда айтқандай ел білетіндей аты жөнімізді басқа ұлттардың «швили» сияқты «длы», «кызы» жалғауымен ешкімнен ұялмай лауазымдағылардың өздері граждана – азаматшаны айтып қалады. Азаматша сөзі бізде болмаған. «Ел боламын десең бесіңді түзе» дегендей дер кезінде қатемізді дұрыстап отырайық.

айтуға болады. Мысалы телехикаяларға еліктеп, әдемі айтылады екен, естіледі екен деп арамьзға ұлтымызға жаттау есімдер қойылуға. Мысалы Лаура, Диана, Дениз, Карина, Мария, Венера, Назар, Хазар, Аида, тағы да басқа оны бұлай қойғанда Олимпиада, Съезд, Елка сияқты есімдерді қалай түсінуге болады?! Бір кездері Олжас, Талғат, Нұрсұлтан есімдерін еліміз бойынша тым көп қойдық. Кешіріңіздер! Менікі дұрыс емес шығар, белгілі танымал қайраткерлердің есімі әрқашанда құптарлық, бірақ Олжас Сүлейменов дегенде ол атақты ақынымыз ба, әлде басқа ма? Кейде түсінбей қаламыз. Осы кезде Сталиннің «Есть человек – есть проблема. Нет человека – нет проблемы» деген сөзі философиялық тұрғыда айтылған сияқты. «Өмір – теңіз жүзем онда деменіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» дегенде Рудакидің сөзі аты-жөнімізді бір жүйеге келтіріп, болашақ ұрпағымызға басқа ұлттардан үлгі алып, мәңгілікке өзгермейтіндей етіп «длы», «кызы» қосымшаларын ұялмай аты-жөнімізге қоссақ дегенді ұсынамын. Құрметті ағайын бұның бәрі менің өз ойым. Мүмкін арамьздан бұдан да басқа ой – пікірлерін айтатындар болса нұр үстіне нұр болар еді. «Елу жылда – ел жаңа, жетпіс жылда – жер жаңа, жүз жылда – қазан» деген мақалыңыз қазіргі ұрпаққа айтылған сияқты. «Ұят кімде болса, иман сонда» дегендей аты-жөнімізді жас ұрпаққа дұрыстап қойып қалдырсақ, ешкімнен ұялмай бір істі атқарғандай ұрпағымыздың алдында адасып болып дұрыс жолға түссек деген ойдамын. Тағы бір айтатынымыз «Қазақ тілі» қоғамы, қазақ тілі кафедраларының мамандары, әділет басқармасына қарасты АХАЖ мекемесі мамандары бізден жетік біледі. Заңдарға сай өз ұсыныстарын БАҚ құралдарына немесе басқаша жолмен атсалысса демекпін.

Тағы бір айтатын дегенім гражданин, граждана сөздерін аударғанда гражданин – азамат, ал, граждана – азаматша деп аударылыпты, ұлтымызға азаматша сөзі орыс тілінен жай аударыла салынған сияқты. Жоғарғы лауазымдағылардың өздері граждана – азаматшаны айтып қалады. Азаматша сөзі бізде болмаған. «Ел боламын десең бесіңді түзе» дегендей дер кезінде қатемізді дұрыстап отырайық.

Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.

# СӨЗТҰСПАЛ

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.

Бояу бүркітін құрал	Газбен ұшатын аппарат	Тарихи ескерткіш	Тауық жемі	Қыз есімі	• Өзін-өзі бағалай білген адам бақытты болады. Халық сөзі. *** • Адамның көңілі, көңілден нәр алады. *** • Біз – біз жеген тамақтан тұрамыз. *** • Қол бастаудан сөз бастау қиын».
		Мұсылман елі	Құдай (миф) Бидай тартатын тас		
				Иттің тұмсығына кигізетін зат	
Діни мейрам		Көне тайпа	Алақаз		
Кеңсе заты	Техника қаркасы Ертоқым бөлігі		Грузин актері	Станция (қысқаша)	Революция көсемі
	Мавродий мекемесі			Орыстың тамағы	
Сериал кейіпкері (Түркия)				Ұшақ сатысы Тоқылған мата	
		Жылан түрі Саусақтар саны		Цыган қызы Тазы, төбет	
Жүздің жартысы			Тарихи тұлға (батыста)		
			Атақты спортшы (австр.)		№1 нота
		Термин сөз		Құстың демалуы	Курортты өңір
Асылтас, жемчуг	Мемлекет Меммен әріп	Тәуелсіз ел	Атом ядросының бөлігі		Такси орталығы

БАСПАСӨЗ-2022

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз. Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы (87778902258, Жаннұр Т.) «Каспи голд» картасына жазылу құнын аударып, мекенжайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

Құрметпен,  
аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы



Қалалық ардагерлер кеңесі ұзақ жылдар бойы кеңестің белді мүшесі болған, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Хаташ ҰЛДАНОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның балаларына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.

ГАЗЕТТІҢ № 22 (8285) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗТҰСПАЛДЫҢ ЖАУАБЫ:

- Тақ. Кенесары. Рас. Кірпікшешен. Еркек. Ақырын. Шөгел. «ПАЗ». Ене. «СА». Азалы. Сақ. Ақыр. Дауа. Қапшағай. Иса. Айна. Баламайсан. Арын. Шаман. Лақ. Аша. Орақ.
- ↕ Темірқазық. Ар. Алақанат. Ыза. Серпер. «ЕКГ». Есаул. Таскене. Нұрғайша. Ықшам. Қызмешек. Клапан. «Динамо». Айлық. Анар. Ара. Лапсан. Айсқа. На.

**ДҮЙСЕНБІ 20 МАУСЫМ**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Жәдігер» 7:05 «Másele». 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 11:50 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...» 7:13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Арта». 16:10 «Bizben birge...». 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alań». 21:20 «Бақытсыздар бағы». 22:30 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:30 Ақпарат. 1:05 «Ashyq alań». Қоғамдық-саяси ток-шоу. 1:50 «Теледәрігер».

**ХАБАР**

5:00 Мeгaхит. 7:00 «Oян!» 10:00 Кино. 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «Детектив әже». 13:00 Но-

вoсти. 13:10 . «Paузa. Caкypaның гүлдeyi». 15:00 «Бүгiн». 16:00 Кино. 18:00 Мeгaхит. 20:00 Қopытынды жаңалықтар. 20:30 «Heгiзiнде». 20:35 «Народный контроль». 21:00 Итoғи дня. 21:30 «По сyтти». 21:35 «Шымкeнт – мeнiң махаббатым». 22:30 «Paузa. Caкypaның гүлдeyi». 0:00 . «Eгiз жүрек».

**АСТАНА**

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:20 «Кекеш келiн». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Астана кешi көңiлдi». 14:40 «Қағаз кеме». 15:10 «Айнұрдың арманы». 15:45 «Каникулы в Тайланде» X/ф. 17:35 «Кiшкентай келiн». 18:30 «Ене». 19:25 «Еciктер». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келiн». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Oй мен ойын». 02:45 «SaraпTimes». 03:40

«Astana times».

**КТК**

07.05 «Дау-дамайсыз». 07.30 «Сен мықтысың, тек алға». 09.00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 10.50 «Жақынның алысы», отандық т/х. 12.20 «Семьянин», комедия. 14.00 «Юморина». 15.30 «Было дело». 17.30 «Меч», детектив. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Большое небо». 23.50 «Ловушка», 01.20 «Мой мужчина, моя женщина». 02.10 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Оян, Qazaqstan Music. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Аяла мені». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Горячая точка». 12:00 «Зың-зың Күлпәш». 13:00 Ток-шоу

**КТК**

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Астарлы ақиқат». 08.15 «Сен мықтысың, тек алға». 09.00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 10.50 «Жақынның алысы», отандық т/х. 12.00 «Было дело». 13.30 «Ловушка». 15.20 «Большое небо». 17.30 «Меч». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Большое небо». 23.50 «Ловушка». 01.20 «Мой мужчина, моя женщина». 02.10 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Оян, Qazaqstan Music. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Аяла мені». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Случайный кадр». 12:00 «Зың-зың Күлпәш». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Құтты қоңақ». 14:30 «Га-

«SanTaram». 14:00 «Құтты қоңақ». 14:30 «Гадалка». 15:30 «ИП Пирогова». 16:00 «Женский доктор». 17:00 «Няняпан». 18:30 «Aibab». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Случайный кадр». 21:30 «Қанатсыз құстар». 22:20 «Аяла мені». 23:20 «Әкесінің баласы». 00:20 «Aibab». 00:50 «Студия 7». 01:20 «ИП Пирогова». 02:00 «Гадалка». 03:00 Оян, Qazaqstan Music. 03:30 «Тамаша». 04:30 «Япырай». 05:00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 Таңғы жаттығу. 08.05 Документальный фильм. 09.00 Мультифильм. 09.30 «Ән шашу». 10.00 Д/ф «Ұлы жазушылар». 11.15 «Невеста для брата» X/ф. 12.30 Д/ф «Дуниені дүр сілкіндірген күндер». 13.00 «За строкой Послания...». 13.15 «Ән шашу». 13.30 «Жаралы сезім» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.15 Мультифильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Туған елдің түтіні»

далка». 15:30 «ИП Пирогова». 16:00 «Женский доктор». 17:00 «Няняпан». 18:30 «Aibab». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Случайный кадр». 21:30 «Қанатсыз құстар». 22:20 «Аяла мені». 23:20 «Әкесінің баласы». 00:20 «Aibab». 00:50 «Студия 7». 01:20 «ИП Пирогова». 02:00 «Гадалка». 03:00 Оян, Qazaqstan Music. 03:30 «Тамаша». 04:30 «Япырай». 05:00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 «Веселая разминка». 08.05 «Бүгін». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.05 «Баксы» Д/ф. 10.35 Мультифильм. 11.05 Д/ф «Өркеніет тарихы. Ислам империясының таралуы». 12.00 Т/х «Туған елдің түтіні» 4-бөлім. 13.00 «Бүгін». 13.30 «Алаш Орда» Д/ф. 14.00 «Тақиялы періште» К/ф. 16.00 «Еске алу». 16.15 Мультифильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Туған елдің түтіні» 5-бөлім. 18.00

4-бөлім. 18.05 «Баксы» Д/ф. 18.35 «Еске алу». 18.50 Мультифильм. 19.10 «Алаш Орда» Д/ф. 19.35 Д/ф «Өркеніет тарихы. Ислам империясының таралуы». 20.30 «Бүгін». 21.00 «Салтанат» сазды бағдарламасы. 21.30 «Тақиялы періште» К/ф. 23.30 «Бүгін».

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студия. 06:30 Ризамын. 07:00 «31 әзіл». 07:50 «Ханшайым». 08:50 А/ф«Король обещан 3Д». 10:50 «Кухня». 12:00 «Кухня». 13:00 Комедия «Мой парень из зоопарка». 15:10 Боевик «Копы в глубоком запасе». 17:30 Кино. «Притворись моей женой». 20:00 Информбюро. 21:00 «Зейнеп». 21:55 Боевик «Близнецы-драконы». 00:20 «Анупама». 01:10 «Ханшайым». 01:50 «Базарбаевтар». 02:40 «31 әзіл». 03:30 «Саған сендім». 04:30 What's up? 05:00 Ризамын.

**СЕЙСЕНБІ 21 МАУСЫМ**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 11:50 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 Деректі фильм. 15:40 «Қазақтар». 16:10 «Bizben birge...». 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alań». 21:20 «Бақытсыздар бағы». 22:30 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:30 Ақпарат. 1:05 «Ashyq alań». 1:50 «Теледәрігер».

**ХАБАР**

5:00 Мeгaхит. 7:00 «Oян!» 10:00 Кино. 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «Детектив әже». 13:00 Но-

вoсти. 13:10 «Paузa. Caкypaның гүлдeyi». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. 18:00 Мeгaхит. 20:00 Қopытынды жаңалықтар. 20:30 «Heгiзiнде». 20:35 «Бір туынды тарихы». 21:00 Итoғи дня. 21:30 «По сyтти». 21:35 . «Шымкeнт – мeнiң махаббатым». 22:30 «Paузa. Caкypaның гүлдeyi». 0:00 «Eгiз жүрек».

**АСТАНА**

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келiн». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Лу-думан» шоу. 16:50 «Өрмек». 17:35 «Кiшкентай келiн». 18:30 «Ене». 19:25 «Еciктер». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келiн». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Oй мен ойын». 02:45 «SaraпTimes». 03:40 «Astana times».

«Бүгiн». 16:00 Кино. 18:00 Мeгaхит. 20:00 Қopытынды жаңалықтар. 20:30 «Heгiзiнде». 20:35 «Бiздiң назарда». 21:00 Итoғи дня. 21:30 «По сyтти». 21:35 «Шымкeнт – мeнiң махаббатым». 22:30 «He xaбap?». 23:30 «Paузa. Caкypaның гүлдeyi». 0:15 «Eгiз жүрек».

**АСТАНА**

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келiн». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Лу-думан». 16:50 «Өрмек». 17:35 «Кiшкентай келiн». 18:30 «Ене». 19:25 «Еciктер». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келiн». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Oй мен ойын». 02:45 «Айтарым бар». 03:40 «Astana times».

**КТК**

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Астарлы

ақиқат». 08.15 «Сен мықтысың, тек алға». 09.00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 10.50 «Жақынның алысы», отандық т/х. 12.00 «Было дело». 13.30 «Ловушка». 15.20 «Большое небо». 17.30 «Меч». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Большое небо». 23.50 «Ловушка». 01.20 «Мой мужчина, моя женщина». 02.10 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Оян, Qazaqstan Music. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Аяла мені». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Случайный кадр». 12:00 «Зың-зың Күлпәш». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Құтты қоңақ». 14:30 «Гадалка». 15:30 «ИП Пирогова». 16:00 «Женский доктор». 17:00 «Няняпан». 18:30 «Aibab». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Случайный кадр». 21:30

«Қанатсыз құстар». 22:20 «Аяла мені». 23:20 «Әкесінің баласы». 00:20 «Aibab». 00:50 «Студия 7». 01:20 «ИП Пирогова». 02:00 «Гадалка». 03:00 Оян, Qazaqstan Music. 03:30 «Тамаша». 04:30 «Япырай». 05:00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 «Таңғы жаттығу». 08.05 «Бүгін». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.05 «Баксы» Д/ф. 10.35 Мультифильм. 11.05 Д/ф «Өркеніет тарихы. Ислам империясының таралуы». 12.00 Т/х «Туған елдің түтіні» 5-бөлім. 13.00 «Бүгін». 13.30 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 14.00 «Амангелды» К/ф. 15.35 «Сауран Д/ф. 16.00 «Еске алу». 16.15 Мультифильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Туған елдің түтіні» 6-бөлім. 18.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 18.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени бай-

«Бүгiн». Сурдоаударма. 18.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Қытай. 18.35 «Еске алу». 18.50 Д/ф «Өркеніет тарихы.Сирия». 19.45 «Телебалапан». 20.00 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 20.30 «Бүгін». 21.00 «Салтанат» сазды бағдарламасы. 21.30 «Амангелды» К/ф. 23.05 «Сауран» Д/ф. 23.30 «Бүгін».

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студия. 07:00 Ризамын. 07:30 Информбюро. 08:30 «Ханшайым». 09:30 «Зейнеп». 10:30 М/с «Маша и медведь». 11:00 «Кухня». 12:00 «Кухня». 13:15 Кино. «Притворись моей женой». 15:55 Боевик «Близнецы-драконы». 18:10 Комедия «Стюарт Литтл». 20:00 Информбюро. 21:00 «Зейнеп». 21:55 Боевик «Бегущий по лезвию 2049». 01:10 «Анупама». 02:00 «Ханшайым». 02:40 «Базарбаевтар». 03:30 «Саған сендім». 04:30 What's up? 05:00 Ризамын.

**СӘРСЕНБІ 22 МАУСЫМ**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 11:50 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 Деректі фильм. 15:40 «Ауылдастар». 16:10 «Bizben birge...». 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alań». 21:20 «Бақытсыздар бағы». 22:30 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:30 Ақпарат. 1:05 «Ashyq alań». 1:50 «Теледәрігер».

**ХАБАР**

5:00 Мeгaхит. 7:00 «Oян!» 10:00 Кино. 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «Детектив әже». 13:00 Но-

вoсти. 13:10 «Paузa. Caкypaның гүлдeyi». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. 18:00 Мeгaхит. 20:00 Қopытынды жаңалықтар. 20:30 «Heгiзiнде». 20:35 «Бiздiң назарда». 21:00 Итoғи дня. 21:30 «По сyтти». 21:35 «Шымкeнт – мeнiң махаббатым». 22:30 «He xaбap?». 23:30 «Paузa. Caкypaның гүлдeyi». 0:15 «Eгiз жүрек».

**АСТАНА**

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келiн». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Лу-думан». 16:50 «Өрмек». 17:35 «Кiшкентай келiн». 18:30 «Ене». 19:25 «Еciктер». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келiн». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Oй мен ойын». 02:45 «Айтарым бар». 03:40 «Astana times».

«Бүгiн». 16:00 Кино. 18:00 Мeгaхит. 20:00 Қopытынды жаңалықтар. 20:30 «Heгiзiнде». 20:35 «Бiздiң назарда». 21:00 Итoғи дня. 21:30 «По сyтти». 21:35 «Шымкeнт – мeнiң махаббатым». 22:30 «He xaбap?». 23:30 «Paузa. Caкypaның гүлдeyi». 0:15 «Eгiз жүрек».

**АСТАНА**

06:00 «Фазилет ханым». 07:00 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келiн». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Лу-думан». 16:50 «Өрмек». 17:35 «Кiшкентай келiн». 18:30 «Ене». 19:25 «Еciктер». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келiн». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:00 «Ене». 02:00 «Oй мен ойын». 02:45 «Айтарым бар». 03:40 «Astana times».

**КТК**

07.05 Кешкі жаңалықтар. 07.30 «Астарлы

ақиқат». 08.15 «Сен мықтысың, тек алға». 09.00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 10.50 «Жақынның алысы», отандық т/х. 12.00 «Было дело». 13.30 «Ловушка». 15.20 «Большое небо». 17.30 «Меч». 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат». 21.00 Вечерние новости. 21.40 «Большое небо». 23.50 «Ловушка». 01.20 «Мой мужчина, моя женщина». 02.10 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 03.40-04.10 Кешкі жаңалықтар.

**7-АРНА**

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Оян, Qazaqstan Music. 07:00 «Серт пен сезім». 08:00 «Аяла мені». 09:00 «Женский доктор». 10:00 «Случайный кадр». 12:00 «Зың-зың Күлпәш». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Құтты қоңақ». 14:30 «Гадалка». 15:30 «ИП Пирогова». 16:00 «Женский доктор». 17:00 «Няняпан». 18:30 «Aibab». 19:00 «Студия 7». 19:30 «Случайный кадр». 21:30

«Қанатсыз құстар». 22:20 «Аяла мені». 23:20 «Әкесінің баласы». 00:20 «Aibab». 00:50 «Студия 7». 01:20 «ИП Пирогова». 02:00 «Гадалка». 03:00 Оян, Qazaqstan Music. 03:30 «Тамаша». 04:30 «Япырай». 05:00 «Қуырдақ».

**ДИДАР**

08.00 «Таңғы жаттығу». 08.05 «Бүгін». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.05 «Баксы» Д/ф. 10.35 Мультифильм. 11.05 Д/ф «Өркеніет тарихы. Голливудтың жарқын жұлдыздары». 12.00 Т/х «Туған елдің түтіні» 6-бөлім. 13.00 «Бүгін». 13.30 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 14.00 «Амангелды» К/ф. 15.35 «Сауран Д/ф. 16.00 «Еске алу». 16.15 Мультифильм. 16.30 Т/х «Айналайын». 17.00 Т/х «Туған елдің түтіні» 6-бөлім. 18.00 «Бүгін». Сурдоаударма. 18.15 Д/ф «Әлемдегі мәдени бай-

лықтар» Бельгия. 18.35 «Еске алу». 18.50 Д/ф «Өркеніет тарихы. Голливудтың жарқын жұлдыздары». 19.45 «Телебалапан». 20.00 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 20.30 «Бүгін». 21.00 «Салтанат» сазды бағдарламасы. 21.30 «Ел басына күн туса» К/ф. 23.30 «Бүгін».

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студия. 07:00 Ризамын. 07:30 Информбюро. 08:30 «Ханшайым». 09:30 «Зейнеп». 10:30 М/с «Маша и медведь». 10:50 «Кухня». 11:50 «Кухня». 13:00 Боевик «Бегущий по лезвию 2049». 16:40 Комедия «Стюарт Литтл». 18:30 Комедия «Стюарт Литтл 2». 20:00 Информбюро. 21:00 Честно говоря. 21:10 «Зейнеп». 22:05 Триллер «Финансовый монстр». 00:05 «Анупама». 01:00 «Ханшайым». 01:40 «Базарбаевтар». 02:20 «31 әзіл». 03:30 «Саған сендім». 04:30 What's up? 05:00 Ризамын.

**БЕЙСЕНБІ 23 МАУСЫМ**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Жәдігер». 6:25 Ақпарат. 7:00 «Таңшолпан». 10:00 Ақпарат. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 11:50 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Ақпарат. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Теледәрігер». 15:00 Ақпарат. 15:15 «Бір халық - бір ел - бір тағдыр». 15:35 «Ауылдастар». 16:10 «Bizben birge...». 17:00 Ақпарат. 17:15 «Қызық екен...».18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Ақпарат. 20:35 «Ashyq alań». 21:20 «Бақытсыздар бағы». 22:30 «Жат мекен». 23:20 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:30 Ақпарат. 1:05 «Ashyq alań». 1:50 «Теледәрігер».

**ХАБАР**

5:00 Мeгaхит. 7:00 «Oян!» 10:00 Кино. 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «31 бөлімше». 13:00 Ново-

сти. 13:10 «Paузa. Caкypaның гүлдeyi». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. 18:00 Мeгaхит. 20:00 Қopытынды жаңалықтар. 20:30 «Heгiзiнде». 20:35 «Үкiмет». 21:00 Итoғи дня. 21:30 «По сyтти». 21:35 «Келiнжан». 22:30 «Paузa. Caкypaның гүлдeyi». 0:0

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# Қыз өссе – елдің көркі

«Saryarqa» газеті «Қыз өссе – елдің көркі» атты сұлулар байқауын ұйымдастырады. Байқауда 18-35 жас аралығындағы сәні мен сымбаты келісті, өз кәсібінде биіктен көріне білген нәзікжандылар бақ сынай алады. Әр ай сайын газет бетіне суреті жарияланған арулар арасында «Saryarqa» газетінің сайты мен фейсбук және инстаграм әлеуметтік желілерінде публикациялар жарық көріп, лүпіл (лайк) санымен жеңімпаз анықталады. Жыл соңында ең көп лүпіл жинаған сұлуларға жүлделі орындар тағайындалып, кәделі сыйлықтар табысталады болады. Байқауға қатысушылар бет-әлпеті, бойы анық көрінетін сапалы фотолары мен өздері туралы қысқаша ақпаратты sa\_jez@mail.ru электронды мекен-жайына немесе 8 777 457 31 72 уатсап нөміріне жолдай алады.



## Назерке ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

12.09.2001 жылы Жезқазған қаласында дүниеге келген. Мамандығы – әнші. Қазіргі таңда өз-өзіне жұмыс жасайды. Жезқазған, Сәтбаев қаласы бойынша ең үздіктер қатарындағы отбасылық ансамбль жетекшісі. Келешекте өз ансамблін әрі қарай дамытқысы келеді.

Арманы – өз ісінің маманы болу.

Хоббиі – үйде тәтті тағамдар әзірлеу, торт пісіру.



## Нүргүл ТАЛҒАТБЕКОВА

12.02.2000 жылы Жезқазған қаласында дүниеге келген. Мамандығы – «Бастауыш білім беру мұғалімі». Қазіргі таңда облыстық «AMANAT» партиясы жанындағы «Jas Otan» жастар қанатының кеңесшісі, аймақ бойынша төрайымы.

Арманы – білікті маман иесі болу, отбасын құрып ана атану.

Хоббиі – би билеу, домбыра тарту, сонымен қатар, түрлі іс-шаралар ұйымдастыру.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті  
Теректі ауылының тумасы  
Аманжол Сапарұлы БЕКЕНОВ!



Сізді 50 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Шаңырағыңыздан қуаныш, шаттық, құт-береке үзілмесін. Ұлдарыңызды ұяға, қыздарыңызды қияға қондырып, немере сүйіңіз.

Ізгі тілекпен,  
Теректі ауылының  
1989 жылғы түлектері.



– Жаным-ау, жаныңа қатты батып жатыр ма? Неге тамақ ішпейсің құлыным?

Анасының осы бір сөздері неше жыл бойы тас боп қалған жүрегімді жібітпін жатты. Шіркін-ай, қанша жамандық істеп, беттерін қайтарып келсе де, ата-ана балаларын жамандыққа кимайды екен ғой. Ғаріп басы онысын кезінде түйсініп пе?

Асқар үйінің ортаншысы еді. Мектепті «қызыл» қатырмаға бітіріп, оқуға түсті. Ол оқуын да «өте жақсы» деген бағамен тәмамдап, оқыған мамандығы бойынша жұмысқа орналасты. Біліктілігінің арқасында үш жыл өткен соң, бірдей бір шахтаның бастығы болып шыға келді. Ақша адамды күрт өзгертеді деген рас екен. Ақкөңіл, ашық, жайдары мінезді жігіт, енді ақшасы молайған сайын өз ағайын-туыстарынан қол үзе бастады. Өз отауын тіккеннен кейін әйелін алып, бөлек шығуға асықты. Ақшаны байлайша айтқанда қырып тауып жатса да, «үй әперу сендердің міндеттерің» деп әке-шешесін қарызға батырып кете барды.

Сөйтіп ішкені – алдында, ішпегені – артында, бақытты да, қызықты өмір кешіп жатты. Дос-жарандарының бәрі – өзі секілді қалталы жандар. Баяғы дос деген не? Олардың керегі шамалы. Тек бастық, бизнесмен – мұның достары. Бір үзім нанды бөліп жеген, бір партада он жыл бірге отырған жан жолдастарын маңына да жолатпайды. Ол, ол ма? Бірде «Жалғыз қарындасың алтын ұсынан ұшқалы отыр, заман болса мынау, кішкене болса да көмегіңді тигіз, қаражат жағынан қысылыңқырап тұрмыз» – деп өтінішін айта келген ата-анасына:

– Немене, жұрттың ата-анасы керсінше балаларына көмектесіп жатса, сендер менен сұрайсыңдар. Кететін қыз, жайына кетсін. Ол үшін берер ақшам жоқ. Қашан осы сендер жұрттың әке-шешесі сияқты, ақшаны үйіп-төгіп жатасыңдар. Жолдаста-

рымның алдында сендер үшін ұялып біттім. Менен осындай көмек сұрап келгендеріңді ешкім естимесін, – деп шығарып салғанды.

Бейшара ата-ана не істесін? «Қарғайын десе – жалғыз, қарғайын десе – жалмауызы».

Асқарсыз-ақ, анығы ортаншы ұлдың қатысуынсыз да той дүрілдеп өтті. Үлкен балаларының бір аяқ пен екі көзден айырылғанын естігенде жандарын қоярға жер таппады. Ем-домына деп қаражаттарын аямай жұмсады. Баяғы жолдас, баяғы байлық кезіндегі шалқыған өмір жоқ. Тек қана қалғаны қара түнек. Дәрігерлердің айтуынша аяғы орнына келер-ау, тек екі көзі мәңгілікке көрмейді.

Қалталы жолдастарының сырт айналып кеткені былай тұрсын, тіпті «туған әйелі» небәрі екі апта ғана келген соң, одан кейін көңіл сұрауын мүлде тоқтатқан-ды. Күнде жанынан шықпайтындыр – бауырлары мен ата-анасы ғана. Осы бір шексіз қара түнекте жатып, ол өмірдің мәні байлық пен ақшада емес екендігін ұғынды. Шын өкінді. Анасының жаңағыдай жылы сөздерін естімегеніне қанша жыл болған. Қасірет-қайғы басына бір-ақ күнде орнайтынын кім білген. Көкірегі ашы өксікке толып, жүрегі жылап жатты. «Шын жыласа, соқыр көзден де жас шығады» деген рас екен. Ұлының қазіргі халіне онымен қоса қиналып, сәл де болса жұбатайын деген анасы оның жанынан моншақтап ағып жатқан жасты да байқаған еді...

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ

ЖӘДІГЕР



Аталарымыз баланы кез келген атқа немесе тайға отырғыза салмаған. Оны көбіне бәсіреге берілген тайға отырғызған. Ер бала есі кіріп 4-5 жасқа келгенде оған бәсіре тай тарту етіледі. Егер тай үйретіліп, мінуге жараса, онда

# АШАМАЙ

Қазақтың бала өсіру және тәрбиелеуге қатысты ертеден келе жатқан дәстүрлерінің бірі – «Ашамайға мінгізу». Мұны «Ашамайға мінгізу» не «Ашамай тойы» деп те атаған.

баланы тайға мінгізеді. Үйретілген тайға салтанатты түрде ашамай ерттеледі. Баланы ашамайға мінгізу оның өмірінде тіршіліктің жаңа кезеңі басталғандығын білдіреді.

Бұл рәсімге ауыл адамдары жиналып, бала мінген аттың жал-құйрығына, баланың шапанына және бас киіміне шоктап үкі тағады. Бұл «Үкінің қасиеті – жын-шайтаннан сақтайды» дегенді білдіреді.

Баланы атқа мінгізу құрметі шабандоз, желтақым жігіттерге жүктеледі. Баланы атқа мінгізіп, белін айналдыра жұқа көрпешеммен орап, қолтырмаш

ағаштармен денесін ауыртпайтынды етіп тартып таңады. «Мықтап тарт ашамайдың қолтырмайын, жас бала жол үстінде болдырмасын», – деген сөз содан қалған. Ал, ат үстіндегі балаға ауыл ақсақалдары бата береді.

Осындай тарихы терең, атадан бала мұра болып сақталып келе жатқан ұлттық жәдігер бүгінгі күні «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығында сақтаулы тұр.

Қымбат МАҒЗУМОВА,  
«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығының  
экскурсоводы.

ЭКОСОФИЯ

## ҚҰМЫРСҚАНЫҢ ИЛЕУІН БҰЗБА

Жүсіп пайғамбар сегіз жыл зынданда атқанда, аштан өлу қаупі туады. Сонда Құдайдың әмірімен құмырсқалар азық тасып, Жүсіпті асырайды. Жүсіп пайғамбар оларға риза болып:



– Илеуің бұзылмасын, ешкім саған жәбір көрсетпесін! – деп бата беріпті. Содан бастап қазақ арасында «құмырсқаның илеуін бұзуға болмайды» деген ырым қалыпты.

\*\*\*

Нұх пайғамбар кеме жасап болған соң:  
– Уа, Тәңірім, мұншалықты алып кемеге азықты қалай жинаймын? – деп сұрайды. Топан судан тірі қалатын аң-құстың азығын жинау пайғамбар үшін үлкен уайым еді. Жаппар Хақ:  
– Әй, Нұх, сен қам жеме! Ертең кемеңі азыққа толтырамын! – дейді. Нұх пайғамбар ертесіне келсе, қисапсыз құмырсқа аузына бір-бірден дән мен жапырақтан тістеп, кемеге тасып жатыр екен.  
Осылайша кемеңі кеш батқанша азыққа толтырады. Нұх оларға риза болып, құмырсқаны кемеге бірінші кіргізіпті.

## ҮЙРЕКТІҢ ЖАРАЛУЫ

Бір заманда жер бетін топан су қаптайды. Тәңірі тағала Нұх пайғамбарға бұйырып:

– Үлкен кеме жаса! Оған момындар мен жан-жануарларды тиіп, топан судан ама алып шық! – дейді. Ол кезде кеме жасауды жан баласы білмейді екен. Пайғамбар:

– Уа, Тәңірім, кемеңі қайтпін жасаймын? – деп сұрады. Жаппар Хақ құдіретімен үйректі жаратып:

– Мына құстан тәлім ал! Ол суға батпайды. Денесінде су дарытпас май бар. Мен оны сондай хикметпен жаратты. Топан су таяз болсын, терең болсын – үйректің тобығынан да келмейді. Сен де кемеңі ағаштан соғып, түбін майла. Ағаш суға шірімейді әрі батпайды. Кемеңің тұмсығы үйректің мойнындай иіліп тұрсын! Ол желді қаржып, айнымай жүзуің үшін керек. Кемеңің арты үйректің құйрығына ұқсасын! Бұрылғанда оңай болады, – деді. Сөйтіп Нұх үйрекке қарап, ең алғаш кеме құрастырады. Пайғамбардың назары түскен соң үйрекке кие дариыды.

Осыдан бастап «Үйрекке тимендер, онда Нұх пайғамбардың шапағаты бар!» деген тәмсіл қалыпты.



«Экософия немесе киелі табиғат» кітабынан.

## ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін Whatsapp әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базынасына үн қатуга әрқашан әзірміз.

Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.

Қадірлі оқырман!

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!



Whatsapp 8(701)-118-88-08